БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№112 (+430) | 1954 жылғы 5 июнь Сенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті әрбір колхоз бен совхозда мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жоспарларын ойдағыдай орындау үшін барлық малды жемшөппен толық қамтамасыз ету аса маңызды мемлекеттік міндет деп есептеді. Бұл міндетті мүлтіксіз орындау—жергілікті партия, совет ұйымдарының, МТС, колхоз, совхоз басшыларының және барлық ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің абройлы борышы.

ШӨП ШАБУҒА БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕНУ—БҮГІН ТАҢДАҒЫ ЕҢ БАСТЫ МІНДЕТ

Газетіміздің кешегі номерінде ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындауды өткізу туралы» қаулысы жарияланды.

Бұл қаулыда ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті пішен дайындайтын, жемшөптік тамыржемістер, сүрленетін және басқа жемшөптік дақылдар егісін баптап-күтетін шешуші кезеңнің басталуына байланысты жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдарынан, МТС, совхоз және колхоз басшыларынан МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда табиғи шабындықтар мен екпе шөп егістерінің бүкіл көлемінде шөп шабудың толық және мерзімінде өткізілуін, сүрлеу үшін егілген жүгері, күнбағыс егістерін, тамыржемістер мен басқа жемшөптік дақылдар егістерін баптап-күтудің мерзімінде және мұқият жүргізілуін ұйымдастыруды талап етті. Бұл өте орынды талап. Өйткені, тек осы талаптар ойдағыдай жүзеге асырылғанда ғана қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасап, колхозшылардың шаруашылығына жемшөп беру жоспарын толық орындауға мүмкіндік туады.

Пішен жыйнауды ең қысқа мерзім ішінде жоғары сапада өткізуге облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарында күш-мүмкіншілік жеткілікті. МТС-терде 2535 өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін шөп машиналары, жүздеген кең қамтығыш тырнауыштар, шөп сырғыш, маялағыш машиналар, колхоздарда 1700 көлікке жегілетін шөп машиналары, көптеген ат тырнауыштары және басқа көп құрал-саймандар бар. Сол сыяқты, совхоздарда да шөп шабатын және жыйнайтын машиналар жеткілікті мөлшерде. Оныменбірге, МТС-тер, колхоздар мен совхоздар үстіміздегі жылы өнер кәсіп орындарынан көптеген өздігінен жүретін, тракторға тіркелетін шөп машиналарын, тырнауыштар мен шөп сырғыш, маялағыштар алуда. Егер пішен жыйнаудың алғашқы күнінен бастап осы машиналардың бәрін жұмысқа қосып, оны өнімді пайдалану ойдағыдай ұйымдастырылса, онда табиғи шабындықтар мен екпе шөп егісінің бүкіл көлемінде шөп шабудың толық және ең қысқа мерзімде өткізілетіні сөзсіз.

Булаев ауданындағы Калинин атындағы, Ленин ауданындағы Образцовой МТС-терінің қамтуындағы колхоздардың басшылары осындай зияны пікірмен 1 июньге дейін жөнделуге тиісті көлік машиналарын жөндеуді ұйымдастырмаған.

Пішен шабуға, оны жыйнауға, шөмелелеуге және мал қораларының жанына тасып алуға әзірліктегі кіші- гірім кемшілік те пішен дайындау жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге үлкен зиян тигізеді. Мұны естен шығаруға болмайды. Олай болса, партия, совет ұйымдары, МТС, колхоз, совхоз басшылары пішен шабуға әзірліктегі осы уақытқа дейін орын алып келген кемшіліктер мен сылбырлықты дереу жойып, пішен жыйнайтын машиналарды жөндеудің мезгілінде аяқталуын, ол машиналардың пішен жыйнауға толық пайдаланылуын және пішен жыйнайтын әрбір агрегаттың сменалық тапсырмаларын үнемі орындауын, сөйтіп, әрбір колхоз бен совхоздағы табиғи шабындықтар мен екпе шөп егістерінің бүкіл көлемінде шөп шабудың толық және мерзімінде өткізілуін қамтамасыз етулері керек.

Колхоздар мен совхоздардың өткен жылдардағы тәжрибесіне қарағанда, мүмкіншілігі бар көптеген колхозшылар, совхоз жұмысшылары пішен жыйнауға қатыстырылмай қалып жүр. Үстіміздегі жылы бұл жағдайларды қайталамай, мүмкіншілігі бар барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшылары пішен жыйнауға толық қатысуы көзделіп, пішеншілерді жемшөп дайындауға материалдық жағынан ынталандыру шараларының кеңінен қолданылуы қажет. Қажет болған жағдайда еңбекке жарайтын ауыл-село халқы, сонымен қатар, мемлекеттік ұйымдардың жұмысына зиян келтірмей, қала мен аудан орталықтарының халқы шөп шабуға қатыстырылатын болсын.

Жер жағдайының қолайсыздығынан шөп машиналарымен шабуға болмайтын шабындықтардың шөбін қолшалғымен шабуды ұйымдастыру қажет. Бұл үшін колхоз, совхоз басшылары қолшалғыларды жеткілікті мөлшерде әзірлеуді ұйымдастырулары тиіс.

Қазір сүрлеу үшін егілген жүгері, күнбағыс егістерін, тамыржемістерді және басқа жемшөптік дақылдар егісін баптап-күтудің кезеңі жақындап келеді. Осыған байланысты жемшөптік дақылдарды күтіп-баптаудың Советтік комитетінің, совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің мүшелері, кәсіподақтардың өкілдері, астананың әйелдер активі жыйналды. Залда бұлармен қатар Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің жуырда Берлинде болып өткен сессиясына қатысып, ССРО-да қонақ болып жүрген Қытайдың, Индияның, Бирманың, Кореяның, Вьетнам Демократиялық Республикасының, Таиландтың, Канаданың, Цейлонның өкілдері болды. Қатысып отырғандардың ішінде совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің шақыруымен Совет Одағында қонақ болып жүрген Француз әйелдерінің делегациясы болды.

Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты Н. В. Попованың, әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясының председателі Эжени Коттонның, комитеттің председателі академик Д. В. Скобельцынның, Бейбітшілікті қорғаудың Қытай комитетінің председателі Го Можоның, Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің председателі Н. С. Тихоновтың залға келуін жыйналғандар ұзақ қолшапалақтап қарсы алды.

Академик Д. В. Скобельцын шетелдік қонақтарға арнаған сөзінде оларды бейбітшілікті, тәуелсіздікті және демократияны сақтау үшін күресін жатқан Азия, Европа және Америка халықтарының өкілдері ретінде қуттықтады. Н. В. Поповаға Халықаралық Сталиндік сыйлық беру туралы комитеттің 1953 жылғы 12 декабрьдегі қаулысы оқылғаннан кейін академик Скобельцын қысқаша сөзінде лауреаттың бейбітшілікті сақтау үшін күресу ісінде сіңірген еңбектерін сипаттаған.

„Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ Халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінде

Совет қоғам қайраткері Н. В. Поповаға Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру

Осы жылғы 3 июньде Кремльдің Свердлов залында совет жұртшылығының көптеген өкілдерінің қатысуымен, көрнекті қоғам қайраткері, Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің секретары, совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің председателі Н. В. Поповаға «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды.

Лауреатты құттықтау үшін Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің, совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің мүшелері, кәсіподақтардың өкілдері, астананың әйелдер активі жыйналды. Залда бұлармен қатар Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің жуырда Берлинде болып өткен сессиясына қатысып, ССРО-да қонақ болып жүрген Қытайдың, Индияның, Бирманың, Кореяның, Вьетнам Демократиялық Республикасының, Таиландтың, Канаданың, Цейлонның өкілдері болды. Қатысып отырғандардың ішінде совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің шақыруымен Совет Одағында қонақ болып жүрген Француз әйелдерінің делегациясы болды.

Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты Н. В. Попованың, әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясының председателі Эжени Коттонның, комитеттің председателі академик Д. В. Скобельцынның, Бейбітшілікті қорғаудың Қытай комитетінің председателі Го Можоның, Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің председателі Н. С. Тихоновтың залға келуін жыйналғандар ұзақ қолшапалақтап қарсы алды.

Академик Д. В. Скобельцын шетелдік қонақтарға арнаған сөзінде оларды бейбітшілікті, тәуелсіздікті және демократияны сақтау үшін күресін жатқан Азия, Европа және Америка халықтарының өкілдері ретінде қуттықтады. Н. В. Поповаға Халықаралық Сталиндік сыйлық беру туралы комитеттің 1953 жылғы 12 декабрьдегі қаулысы оқылғаннан кейін академик Скобельцын қысқаша сөзінде лауреаттың бейбітшілікті сақтау үшін күресу ісінде сіңірген еңбектерін сипаттады. Біздің елімізде ауыл шаруашылығын және халық тұтынатын тауарлар өндірісін шұғыл өрге бастыру жолындағы күрестің қандай кең көлемде өрістетілгенін біздің барлығымыз де көріп отырмыз. Бізде көп ұзамай- ақ азық-түлік пен тауардың бұрынғыдан да көп болатындығы күмәнсіз. Тұрмыс жылдан- жылға бұрынғыдан да жақсара түседі. Семьяда, үй шаруашылығындағы әйелдердің еңбегін жеңілдету үшін көп жұмыстар істелуде. Совет адамдары өзінің әл- ауқатының үнемі жақсарып отырғанын күнбе- күн сезуде.

Өзімнің қоғамдық қызметіме байланысты менің басқа елдердің өкілдерімен жиі-жиі кездесуіме, көптеген сұрақтарды, әсресе, капиталистік елдерде тұратындар тарапынан қойылатын сұрақтарды естуіме тура келіп жүр. Олар жұмыссыздық болмай отырғанда, совет жастары мен өмірден тәжрибе алған адамдардың көңілді, көркті қалаларды тастап, тың жерлерді игеру үшін далаға өз еркімен кетіп жатқан себебі не; соғыстың сұмдықтарын басынан кешірген совет адамдарының атом және су тегі бомбасы дәуірінде өмір сүре отырып, үмітшіл оптимистер болып, бұдан да жақсы болашаққа сеніммен жігерленіп отырғандығы неліктен; совет әйелдері, тіпті мұқтаждық көрмеген жағдайда да, жұмыс істеуге неліктен ұмтылады; совет елінде қарттар мен жастар арасында тартыс- жанжал неліктен жоқ; Совет Үкметі мен Коммунистік партияның халық арасында соншалық зор беделге ие болып отырғанын немен түсіндіруге болады? —деген сұрақтар қояды да, бұған таңданады.

Мұндай және бұған ұқсас сұрақтарға қысқаша жауап беруге болады: Совет мемлекетінде өкмет басында халықтың өзі отыр. Советтік қоғамның әрбір мүшесі бүкіл елдің табыстарға жетуіне жан- тәнімен мүдделі. Ол бүкіл халықтың бақыты мен тыныштығына, өз елінің ұлттық байлығын молайта беруге қамқорлық жасайды, ол өз байлығының артуымен қатар оның өз дәулетінің де үнемі артып отырғанын біледі. Советтік тұрмыс

еліндегі 140 миллион мүшелерін біріктіріп отырған әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясы келе жатқандығы мәлім.

Федерация өзі құрылғаннан бергі уақыттың бүкіл өн бойында әйелдердің праволарын қорғап келеді, әйелдерді кемсітушілікке және күн етушілікке қарсы жұртшылық пікірін жұмылдырды, әйелдердің тең праволылығы мәселелерін Біріккен Ұлттар Ұйымының алдына қойды, әйелдерге заң бойынша және іс жүзінде еркектермен бірдей праволар берілуін ұкметтерден талап етті.

Федерацияның инициативасымен шақырылған әйелдердің Копенгагенде өткізілген Бүкіл дүниежүзілік конгресі маңызды документ —әйелдер праволарының декларациясын қабылдады. Бұл декларация әйелдердің еркектермен теңсіздігі орын алып отырған барлық елдерде қыймыл программасына айналды. Федерация мен оның ұлттық ұйымдары бейбітшілік ісін белсене жақтап, алуан түрлі әлеуметтік топтардағы ондаған миллион әйелдерді бейбітшілік жолындағы қозғалысқа шақырып, соған қатыстыруда. Әйелдердің бүкіл адамзаттың тең жартысы болып табылатындығы толық мәлім. Сондықтан оқыйғалардың бүгін және ертеңгі күні де қалай дамыйтындығы көбінесе оларға байланысты.

Әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясының алдыңғы қатарында совет әйелдері, Қытай Халық Республикасының және басқа халықтық демократиялық елдердің әйелдері келеді. Федерацияның қатарында капиталистік және отар елдердің миллиондаған әйелдері белсене күресуде. Олар қыйын жағдайда, жазалау және қудалау әрекеттері жағдайында бейбітшілік үшін, өз праволары үшін, өз балаларының өмірі үшін қажырлылықпен күресуде.

Демократияшыл әйелдер қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің есімдері бүкіл дүние жүзіне мәлім. Бірақ, әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясының председателі, Бүкіл дүние-

МТС-терде, колхоздар мен совхоздарда жемшөп жыйнауға әзірлік жұмыстары өте-мөте қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Ал, облыстық ауылшаруашылық басқармасы, совхоздар тресі және кейбір аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері жемшөп жыйнауға әзірлік жұмыстарындағы кемшілікті шұғыл жоюды, сөйтіп, бұл іске барлық жағынан бірдей ойдағыдай әзірліктен кірісуді қамтамасыз етуді, МТС, колхоз, совхоз басшыларынан қатаң талап ете алмай отыр. Осының салдарынан МТС-терде, колхоздар мен совхоздарда өздігінен жүретін, тракторға тіркелетін және көлік күшімен жүргізілетін шөп машиналарының көп бөлегі әлі жөндеуден өткен жоқ.

Жемшөп дайындауға әзірлік жұмысы, әсресе, Октябрь ауданының МТС-тері мен колхоздарында өте-мөте баяу жүргізіліп келеді. Торангүл МТС-інде өздігінен жүретін 10 машина, тракторға тіркелетін 18 машина және 20 тырнауыш, Коновалов МТС-де 60-тан астам өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін машиналар мен 13 тырнауыш әлі күнге дейін жөнделген жоқ. Ал, Ворошилов атындағы МТС-те пішен жыйнайтын машиналарды жөндеу жұмысы тіпті қолға да алынбаған.

Шөп шабуға әзірлік Петропавл, Асанов, МТС-терінде де (Петропавл ауданы) сылбыр жүргізіліп келеді. Бұлардағы 146 өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін шөп машиналарынан небары 45 машина ғана жөнделген. МТС директорлары Любарь, Чайко жолдастар шөп шабатын және жыйнайтын машиналарды жөндеу жұмысын ескермей, оны өз дәрежесінде ұйымдастырмай келді.

Жөнделген колхоздардың басшылары «шөп шабу, оны жыйнап, маялау жұмыстары негізінен МТС күшімен жүргізіледі, сондықтан көлік машиналарын жөндеудің керегеті жоқ» деген зыянды пікірмен бұл жұмысты ұйымдастырмай отыр. Мәселен, [illegible] жөнделген [illegible] құрал-саймандарды әзірлеп, бұл жұмысты мерзімінде әрі жоғары сапада өткізу қажет. Барлық колхоздар мен совхоздарда жемшөп сүрлейтін құрылыстар салу тез аяқталуы қамтамасыз етілсін.

МТС, колхоз басшылары пішен жыйнайтын трактор агрегаттарын тәжрибелі трактористермен, өздігінен жүретін және тракторға тіркелетін шөп машиналарының машинашыларымен, қажетті мөлшерде колхозшылармен, көліктен және басқа да транспортпен толықтыруға міндетті. Сонымен бірге, МТС басшылары пішен шабудағы трактор агрегатын күнбе- күн қамтыйтын автожөндеу мастерскойларын ұйымдастырып, оларды шөп машиналарына қажетті қосалқы бөлшектермен барынша қамтамасыз етуге тиіс.

Шөп шабу және шабылған шөпті жыйнау жөнінде әрбір агрегатқа күндік және бескүндік тапсырмалар жеткізіліп, оның қалтқысыз орындалып отырылуы үнемі қадағалансын.

Колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары жемшөп жыйнау жұмыстарында істейтін колхозшылардың, механизаторлардың арасындағы социалистік жарысты күнбе-күн басқарып, олардың еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жетісулері қажет. Сонымен бірге, пішенші лерді мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісіне ерекше назар аударылуы тиіс.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті әрбір колхоз бен совхозда мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жоспарларын ойдағыдай орындау үшін барлық малды жемшөпмен толық қамтамасыз ету аса маңызды мемлекеттік міндет деп есептеді. Бұл міндетті мүлтіксіз орындау— жергілікті партия, совет ұйымдарының, МТС, колхоз, совхоз басшыларының және барлық ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің абройлы борышы.

К. Т. Свердлова жолдасты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

К. Т. Свердлова жолдастың қоғамдық- саяси жұмысының елу жылдығына байланысты және оның революциялық қозғалысқа белсене қатынасқандығы ескеріліп, Клавдия Тимофеевна **Свердлова** жолдас **Еңбек Қызыл Ту** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
3 июнь, 1954 жыл.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумында

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бұдан бұрын қабылданған қаулысын өзгертіп, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің бесінші сессиясын 1954 жылғы 14 июньде Алматы қаласында шақыруды қаулы етті.

(ҚазТАГ).

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҮШІН ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯЛАР

БАКУ, 3 июнь. (СОТА). Бүгін Баку электр- механикалық заводы Қазақстанның, Алтайдың, Омск облысының совхоздары мен МТС-тері үшін жылжымалы электр станцияларының кезекті тобын жөнелтті. Жыл басынан бері түрлі облыстарға 600-ге жуық жылжымалы электр станциялары және 300-ден астам трансформаторлар жіберілді.

Өткен жылғымен салыстырғанда ауыл шаруашылығы үшін жылжымалы электр станцияларын шығару 8 есе артты.

[illegible] ада. Ол қатысып отырғандардың ұзақ, лу қолшапалақтауы үстінде Н. В. Поповаға бейбітшіліктің Халықаралық Сталиндік сыйлығы лауреатының дипломы мен алтын медалін тапсырды.

Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің председателі Н. С. Тихонов, КБОС секретары К. С. Кузнецова, совет әйелдерінің Антифашистік комитеті Президиумының мүшесі Т. М. Зуева, «Трехторная мануфактура» комбинатының қарт жұмысшысы А. П. Жарова лауреатты жылы шыраймен қуттықтады.

Залда қатысып отырған Қытай делегациясының атынан әйелдердің Бүкілқытайлық федерациясының өкілі, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Лю Цуй сөз сөйледі. Ол совет әйелдеріне Қытай Халық Республикасының әйелдерінен сәлем жолдады. «Біз, қытай әйелдері,—деді ол,—кәзіргі уақытта бүкіл қытай халқымен бірге, Қытай Коммунистік партиясының және ұлы көсемі-

Н. В. ПОПОВАНЫҢ сөзі

«Қымбатты жолдастар және достар!

Маған бейбітшіліктің Халықаралық Сталиндік сыйлығының берілуіне байланысты менің жүрегімді кернеген қуаныш сезімдерін сөзбен айтып жеткізу қыйын.

Бұл сыйлықтың берілуі совет халқының, совет әйелдерінің бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау ісіне жұмсап отырған орасан зор күш-жігерін танығандық екендігін мен жақсы түсінемін, сондықтан да мен бұл награданы алу абройына ие болғаныма бақыттымын және ол жүрегімді терең қозғады.

Бұл күндерде бүкіл адамзат бейбітшіліктің тағдыры үшін аса хауіптенген жағдайда өмір сүріп отыр. Егер Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінде бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайту, жаңа қан төгіс хаупін болдырмау үшін барлық шаралар істелін жатқан болса, империалистік лагерьдегі ел-

[illegible] та қатысқанын ерекше мақтан етеді, бұл қозғалысқа бүкіл дүние жүзінің халықтары зор үміт артып отыр. «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» берілген бірінше Сталиндік сыйлықтар кәзірдің өзінде- ақ ӘХДФ үшін оның бейбітшілікті сақтау ісіне жұмсаған күш- жігеріне берілген награда болды. Быйылғы жылы бұл жоғары награданын ӘХДФ-нің екі вице- председателіне —Нина Попова мен Андреа Андреенге, сонымен қатар біздің қозғалыстың үлкен досы, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретары Изабелла Блюмге берілгеніне біз өте қуаныштымыз».

Коттон ханым сөзінің қорытындысында совет әйелдерінің халықтар арасындағы достықты өркендетуге бағытталған күш-жігерін басқа елдердің әйелдері қандай жоғары бағалап отырғаны туралы айтты.

Халықаралық Сталиндік сыйлықтын лауреаты Н. В. Попова жауап сөз сөйледі.

[illegible] дерде агрессияшыл топтар дүние жүзілік жаңа соғысқа жанталаса әзірленіп, соғыс желікпесін және халықтар арасындағы өшпенділікті қоздыруда.

Бейбітшіліктің жаулары өз елдерінің халқын алдап, өздерінің агрессияшыл сыртқы саясатын басқаша сипаттауға және сонымен бірге Совет мемлекетінің сыртқы саясатының шын мәнісіндегі бейбітшіл сипатын бұрмалауға тырысуда. Бірақ, әртүрлі елдердегі ондаған миллион қарапайым адамзат Совет Одағының бейбітшілікті сақтау үшін, халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін үнемі дәйектілікпен күресін отырғанын барған сайын терең түсінуде.

Совет адамдары біздің бүкіл халқымыздың бұрынғыдан да жақсы өмір сүруі үшін, әрбір жұмысшының, шаруаның, интеллигенттің үйінде толық молшылық болуы үшін қажымай- талмай еңбек ету-

[illegible] қанаушылығы жоқ, қайыршылары мен байлары жоқ, әрбір адам өз қабілетіне қарай еңбек етіп, еңбегіне қарай ақы алатын адамдарының бәрі коммунистік қоғамды оның молшылығымен орнатуға тырысатын біздің еліміз, міне осындай, біздің елімізде әрбір адам өз қабілетіне қарай еңбек етіп, өзінің тілектерін барған сайын толық қанағаттандырып отырады.

Совет әйелдері, бүкіл совет халқы сыяқты, коммунистік қоғамның белсенді құрылысшылары ретінде, халықтың бақыты жолындағы күрескерлер ретінде қыйымыл жасауда. Совет әйелдері шын жүрекпен бейбітшілікке ұмтылып отыр. Олар соғыстың не екенін біледі, олар дүниежүзілік екінші соғыс жылдарында аса ауыр сындарды басынан кешірді. Олар өздерінің жанқыярлық еңбегімен, өздерінің ерлік істерімен агрессорларды талқандау ісіне, адамзатты гитлеризмнің құлдығына түсу хаупінен құтқару ісіне зор үлес қосты. Жауды талқандағаннан кейін олар бүкіл совет халқымен бірге, барлық қыйыншылықтарды жеңе отырып, соғыстың ауыр зардаптарын жою үшін күресті. Кәзір олар барлық совет адамдарының бұрынғыдан да жақсы тұрмыста болуы үшін қажымай- талмай еңбек етуде.

Совет әйелдері шетелдердің әйелдерімен өздерінің достық байланыстарын тынбастан нығайтып келеді. Ондаған шетелдік әйелдер делегациялары жыл сайын Совет Одағына келіп-кетуде. Олар советтік тұрмыстың шындығымен танысып, біздің еліміз туралы, біздің халқымыз туралы, біздің бейбітшіл екендігіміз туралы шындықпен танысын, бұл шындықтан өздерінің күресі үшін жаңа күштер алып қайтуда.

Совет әйелдері бейбітшілік үшін, барлық елдердің әйелдері мен балаларының бақыты мен қуанышы үшін әйелдердің халықаралық демократиялық қозғалысына мейлінше белсене қатысуда. Бұл қозғалыстың басында дүние жүзінің 66 жұмысшылық бейбітшілік Советінің вице-председателі, бейбітшіліктің Сталиндік сыйлығының лауреаты Эжени Коттон ханымның есімі әйелдердің қалың бұқарасы үшін, тіпті әйелдерден басқа қалың бұқара үшін—ең беделді және сүйікті есімге айналды.

Көрнекті қоғам қайраткерлері — Сун Цзин- линге, Пак Ден Айға, Монике Фелтонға, Андреа Андреенге, Элиза Бранкоға, Анна Зегерске, Изабелла Блюмге бейбітшіліктің Сталиндік сыйлықтарын беру бейбітшілік жолындағы, прогресс жолындағы күресте әйелдердің үлкен роль атқарып отырғанын дүниежүзілік жұртшылықтың таныңғандығын, сонымен қатар маңызды қоғамдық күшке айналған әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясының орасан зор беделін көрсетеді.

Жолдастар және достар!

Бүкіл дүние жүзі халықтарының жұмсаған күш- жігері кәзірдің өзінде нәтижелер берді: біз халықаралық шиеленістің біраз бәсеңдегендігінің айқын белгілерін көріп отырмыз. Бейбітшілік күштері күн сайын өсіп, нығайып келеді. Бейбітшілікті қорғау қозғалысы халықтың барлық топтарын, барлық прогресшіл ұйымдардың және әрбір ұлттың таңдаулы күштерін қамтуда.

Бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің ұлы лагері бейбітшілік күзетінде тұр. Кәзіргі уақытта 800 миллионнан аса адам, адамзаттың үштен бірі социализм жалауының астында өмір сүріп, еңбек етуде. Бұл —аса қуатты, ұлы күш. Капиталистік және отар елдердің халықтары демократиялық лагерьдегі елдердің халықтарымен қол ұстасып, баяғыдағы бейбітшілік үшін күресуде. Барлық елдердегі халықтың орасан басым көпшілігі бейбітшілікті арман етіп, соғысты жек көріп отыр.

Мен үшін елеулі бұл күні менің ескі және жаңа дүниенің бостандық сүйгіш барлық халықтарының бейбітшілікті сақтау жолындағы, халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы, жаңа соғыс өртін тұтандырушыларды ауыздықтау жолындағы күресінде олардың табысқа жетуіне тілектестік білдіргім келеді.

Ал, біздер, Коммунистік партияның төңірегіне топтасқан совет адамдары, Маркстің—Энгельстің —Лениннің —Сталиннің ұлы ілімін басшылыққа ала отырып, бұдан былай да бейбітшіліктің күзетінде боламыз. Өзіміздің коммунизм орнатуды көздеген ұлы ісімізді онан әрі жүргізе береміз.

Қымбатты достар, осында айтылған барлық жылы шырайлы сөздер үшін менің шын жүректен сүйсінген алғысымды айтуыма рұқсат етіңіздер. Ал, ақшалай сыйлыққа келетін болсақ, мен бұл сыйлық соғыста жетім қалған балаларды тәрбиелеуге пайдаланылса, ол өзінің ең жақсы орнын табар еді, деп санаймын.

Мен, бүкіл совет адамдары сыяқты, бұдан былай да, өзімнің барлық күшімді коммунизм орнатудың ұлы ісіне, бейбітшілікті сақтаудың қасиетті ісіне жұмсай беремін деп, сіздерді сендіруіме рұқсат етіңіздер». **(Ұзақ қолшапалақтау).**

(СОТА).



Сталинабад. Тәжіктің Фердоуси атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасының үлкен үйі пайдаланылуға берілді. Кітапхана үйі қаланың орталығы -Ленин көшесінің бойында.
СУРЕТТЕ: кітапхананың жаңа үйінің жанында.
(СОТА-ның фотохроникасы).

Қазан. 1953 жылы салынған В. И. Ульянов (Ленин) атындағы мемлекеттік университеттің корпустерінің бірі. Мұнда химия, тарих- филология факультеттері және денешынықтыру кафедрасы орналасқан.
(СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Лекциялар мен баяндамалар мазмұнды болсын

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі, СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль- март Пленумдарының қарарлары партиямызды, бүкіл совет халқын коммунистік құрылыстың зор программасымен қаруландырды. Коммунистік құрылыстың зор міндеттерін ойдағыдай шешудегі маңызды шарттардың бірі, еңбекшілер бұқарасын тәрбиелеуде күшті құрал ретінде лекциялық насихатты кеңінен өрістету болып табылады.

Біздің ауданның партия ұйымы еңбекшілер арасында лекциялық насихатты және саяси баяндамаларды ұйымдастыруда біраз жұмыстар істеді. Әсресе, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарияланғаннан бергі уақытта бұл жұмысқа ерекше назар аударылатын болды.

Аудандық партия комитетінің жанында құрамында 10 адамы бар штаттан тыс лекторлар тобы және 22 адамнан құрылған саяси баяндамашылар тобы жұмыс істейді. Бұлардың бәрі де басты партия, совет қызметкерлері. Сонымен қатар, колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлері арасында лекция оқу және баяндама жасау ісіне ауыл шаруашылығының мамандары да қатыстырылып отыр. Олардың ішінде Петропавл МТС-нің бас зоотехнигі Поротикова, бас инженер Лейзерович, Асанов МТС-нің бас агрономы Степанов және басқа жолдастар бар.

Сонымен қатар, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің қарарларын насихаттау ісіне село интеллигенттері де белсене қатысуда. Мәселен, әрігер Журавлева, мектеп директоры Шведов, оқытушы Нагорнов жолдастар соңғы екі айдың ішінде колхозшы шаруалар алдында СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль -март Пленумдарының қаулылары жөнінде әрқайсысы үш- төрт реттен баяндама жасады.

Партия, совет қызметкерлерінің, ауылшаруашылық мамандарының, село интеллигенттерінің басқа да топтарының лекциялық насихатқа кеңінен қатысуы оқылатын лекциялар мен баяндамалардың тақырыптарын байытып, мазмұнын арттыруда. Кәзір саяси, ғылми және ауылшаруашылық тақырыптарында лекциялар мен баяндамаларды көптеп ұйымдастыруға толық мүмкіндік болды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарияланғаннан бері аудандағы егіс бригадалары мен мал фермаларында 200 -ден астам лекциялар мен баяндамалар оқылды. Олардың ішінде «СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ССРО Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы, «ССРО халықтарының достығы —біздің Отанымыздың қуаттылығы мен күштілігінің негізі», «Тың және тыңайған жерлерді игеру бүкілхалықтық маңызды міндет», «Картоп пен овощты шаршы-ұялы әдіспен отырғызудың прогрессивтігі» деген тақырыптар бар. Сонымен қатар, халықаралық осылай ұйымдастырғанда ғана лекциялық насихат әсерлі бола алады.

Осыны еске алып, аудандық партия комитеті еңбекшілер бұқарасы алдында оқылатын лекциялар мен баяндамалардың мазмұнды болуына әрқашан назар аударып келеді. Лекциялардың текстілері күшілгері лекторлар тобында талқыланып, оған қажетті өзгерістер мен қосымшалар жасалады. Тек осыдан кейін ғана лекцияны оқуға рұхсат беріледі. Саяси баяндамалар жөнінде де осындай талап қойылады. Осының нәтижесінде лекторлар мен саяси баяндамашылардың басым көпшілігі өздерінің міндеттерін ойдағыдай орындауда. Лекциялар мен саяси баяндамалар коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен байланысты, идеялық-теориялық дәрежесі жоғары оқылатын болды.

Мәселен, апрель айында аудандық комитеттің штаттан тыс лекторы Тимошин жолдасқа Дмитров атындағы колхозда «Тың және тыңайған жерлерді игеру — астық өндірісін ұлғайтудың маңызды шарты» деген тақырыпта лекция оқу тапсырылды. Егер лектор өзінің сөзінде февраль -март Пленумының қаулысын қайталап айтумен болып, жалпылама «ұран» тастаса мақсатқа жетпеген болар еді. Тимошин жолдас лекция оқуға тыңғылықты әзірленді.

Ол лекция оқу алдында бір күн бұрын артельдің экономикасын терең зерттеп, оның жер байлығымен танысты. Колхоз жыл сайын ауылшаруашылық дақылдарынан аз өнім алып келді. Өйткені, дәнді дақылдар егісі құнарлылығы кем, ескі жерлерге орналастырылатын-ды. Колхозда 2 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлер көп жылдар бойы пайдаланылмады. Сонымен бірге быйылдың өзінде 500 гектар тың жер игерілсе, колхоздың 50 мың пұт қосымша астық алатыны, немесе бір миллион сом ақшадай пайда көретіні есепке алынды. Ал, колхоздың өткен жылғы табысы 310 мың сом ғана болатын.

Осы фактілерді, цифрларды өзінің лекциясында орынды пайдалана отырып, лектор колхозшылардың мәселені қызу талқылауына жетісті. Колхозшылар быйыл көктемде МТС-тің белгілегеніндей 150 гектар емес, онан анағұрлым артық тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде тілек білдірді. Колхозшылардың бұл тілегін механизаторлар қызу қуаттады. Осының нәтижесінде көктемде колхозда 385 гектар тың және тыңайған жерлер игеріліп, оған қатты бидай себілді. Колхозды деревняның өмірімен тығыз байланысты оқылған мазмұнды лекцияның нәтижесі, міне, осындай.

Мұндай мысалдарды көптеп айтуға болады. Соңғы кезде Киров атындағы колхозда еңбек тәртібінің біраз төмендегені байқалды. Мұның себебін талдап, тексерген колхоз басқармасы мен партия ұйымы кейбір колхозшылардың өзінің жеке меншігін көксеп, артель өндірісіне қатыспай жүргенін анықтады. Бұл жөнінде сепартия комитетінің штаттан тыс лекторы Жиганов жолдасқа тапсырылды. Ол өзінің лекциясына колхоздың өмірінен алынған нақтылы фактілер мен мысалдарды пайдаланып, таңдаулы колхозшылардың еңбекке немкетті қарайтын адамдар жөнінде сын пікірлер айтуын ұйымдастырды. Лектор өзінің сөзінде колхоздың қоғамдық шаруашылығы жан-жақты өркендеген күнде ғана, колхозшылардың материалдық және мәдени дәрежесі ойдағыдай жақсаратынын терең түсіндірді. Лекциядан кейін Жиганов жолдас ұтқыр шілермен әңгіме өткізіп, оларға саяси ұтқырлы әсерлі ұйымдастыру жөнінде қажетті кеңес берді.

Кәзір колхозда еңбек тәртібі анағұрлым жақсарды. Колхоз жаздық дақылдарды егісін ауданда бірінші болып аяқтады.

Алайда, лекциялық насихатты ұйымдастыруда қол жеткен біраз табыстарымыз істеген елеулі кемшіліктерді бүркемелей алмайды. Бізде лекция оқуға және баяндама жасауға немкетті қарайтын жолдастар да жоқ емес.

Жақында аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Нұрышев жолдасқа «Луч Ленина» колхозында СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жөнінде баяндама жасау тапсырылды. Ол мұндай маңызды саяси жұмысқа немкетті қарап, пленум қаулысының мазмұнына толық талдау жасамады, оны колхозшы шаруалардың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен байланыстырмады. Міне, сондықтан да бірқатар колхозшылар Нұрышев жолдастың баяндамасына риза болмады.

—Мұндай баяндамадан не пайда, уақытты босқа өткіздік, -ау, —деп кейіді, колхозшы Девяткин жолдас. Өте орынды. Ауданның жауапты қызметкерлері Крахмалев, Шлыков жолдастар да саяси баяндамаларды мазмұнды оқуға жетісе алмай жүр.

Бұл және басқа фактілер аудандық партия комитетін лекциялар мен саяси баяндамалардың мазмұнымен үнемі шұғылданып, лекторлар мен баяндамашыларға әлі де болса қажетті көмек көрсетіп отыруға міндеттейді. СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларын насихаттаудағы тағы бір кемшілік сол —біз еңбекшілердің қалың бұқарасын әлі де толық қамтый алмай отырмыз. Лекциялар мен баяндамалар алыстағы мал фермалары мен бригадаларда сирек ұйымдастырылады. Кейде саяси баяндама жасау даярлығы кем адамдарға тапсырылады .Еліміздің озат колхоздарының тәжрибелері, халықаралық жағдай жөнінде лекциялар аз оқылады. Аудандық партия комитеті лекциялық насихатты ұйымдастырудағы бұл кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруды өзінің басты міндеттерінің бірінен санап отыр.

Әрбір баяндама мен лекция еңбекшілердің алуан салалы өмірін бейнелеп, бұқараның творчестволық инициативасы мен белсенділігін арттыра беруге тиіс.

Әзірліксіз өткен сессия

Приишім ауданы Бостандық ауылдық Советінің осы жылы, 21 май күні кезекті сессиясы болды. Сессияда «Бостандық» ауылшаруашылық артелінің председателі Сарыбасовтың шөп шабуға колхоздың әзірлігі туралы баяндамасы тыңдалды. Ауылдық Советтің сессиясында колхоздың қоғамдық мал басының қамын ойлап, колхоз басшыларының баяндамасын тыңдап, талқылау өте орынды.

Бірақ, баяндама тыңдалды да істің, яғный шөп шабуға даярлықтың барысы кеңінен талқыланбады. Себебі? Сол—сессия ны өткізуге Бостандық ауылдық Советінің председателі Шаяхин, Совет секретары Оспанов жолдастар алдын-ала әзірлік жұмыстарын жүргізбеген. Олар колхоз председателіне— сіз, ертең болатын сессияда шөп шабуға дайындықтың барысы туралы баяндама жасайсыз дегенмен қанағаттанған да, өздері шөп шабуға керекті ауылшаруашылық саймандармен, машиналардың жайымен, жөнделуімен, шөп шабуда істейтін адамдармен таныспаған, қысқасы шөп шабуға әзірлік мәселесімен шұғылдануды тәл ісіміз деп ойламаған. Оның үстіне, совет сессиясының күн тәртібін депутаттарға хабарламаған. Өздері кеңседе отырып, тізім жасап, сессияға 34 адам қатысуға тиіс деп сырттан үйғарған.

Жыйнала келгенде сессияға. . . 11-ақ адам қатысты, қатысушылардың жартысына жуығы мұғалімдер болды. Депутаттар түгел келмеді, актив пен колхоздың мал шаруашылығында істеп жүрген колхозшылар мен өткен жылдары шөп шабуда болған таңдаулы адамдар қатыстырылмады. Міне осы сықақты, сессияға алдын-ала әзірленбеудің, қаралатын мәселенің жайын өзгей- тегжейіне дейін білін алмай «құр қол» неде болса өткізіп жіберейік» дейтін немқұрайдылықтың салдарынан сессия формальды өтті, оның шақырылып, мәселе шешуіне ешкім қанағаттанбады, ешкім белсенділік көрсетпеді, сын, өзара сын атымен болмады, жұрт көңілсіз жыйналып, сұлық тарасты.

Бостандық ауылдық Советі осы уақытқа дейін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің быйыл шөп шабу науқанын өткізу туралы қаулысын колхозшыларға жеткізбеген, малшылар мен шөпшілерге түсіндірмеген. Колхоз быйыл 46 мың центнердей шөп шабуға тиіс. Бірақ, шөп шабатын 13 шөп машинасының, 9 ат тырнауышының бірде- бірі жөнделмеген, олар ұста дүкеніне әкелдірілмеген, ал, шөп шабатын машинашылар әлі іріктелген жоқ, ол туралы әлі сөз де болған емес.

Колхоздың 46 мың центнердей жемшөп дайындауға тиіс екенін жоғарыда айттық. Ол аз шөп емес. Олай болса, ауылдық Совет пен колхоз басшылары шабындық жерлерді есепке алуға міндетті және шабылатын шабындыққа мал түспеуі осы бастан қарастырылуы керек еді. Іс жүзінде мұнда кәзір шабындық жерлерде мал жайылып, олар шығын келе жатқан көк шөпті аяктарымен жапырып жүр.

Дала жұмыстарына техника қуатын тиімді пайдалану керек

МТС-тердің басшы қызметкерлерінің облыстық кеңесінен

СОКП Орталық Комитеті февраль-март Пленумының елімізде астық өндірісін онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысын жүзеге асыру жолындағы күрестің алғашқы кезеңі аяқталды. Облыс колхоздары быйыл өткен жылға қарағанда дәнді дақылдардың егісін 10 күн бұрын аяқтады. Егіс көлемі анағұрлым ұлғайды, тек тың және тыңайған жерлерге 80 мың гектарға жуық дәнді дақылдар себілді. Колхоздардың егіс даласында бітік егін көктеп шыға бастады.

Астық шаруашылығын шұғыл өркендету күресі басталды. Колхозшылар мен механизаторлар өздерінің барлық күш-жігерін кезекте тұрған дала жұмыстарын ойдағыдай жүргізу мақсатына жұмылдыруда. Бұрнағы күні МТС директорларының, бас агрономдары мен инженерлерінің, аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьларының және аудандық Совет атқомдері председательдерінің облыстық кеңесі болды. Кеңеске қатысушылар көктемгі егістің қорытындысын шығарып, техниканы пайдалануда орын тепкен кемшіліктердің себебін ашты және дала жұмыстарының барлық түрін қызу қарқынмен жүргізудің жолдарын белгіледі.

Кеңесте облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары Синичкин жолдас баяндама жасады. Облыс МТС- тері кәзірдің өзінде 620 шынжыр табанды тракторлар, көптеген жер жұмыстайтын тіркеу құралдарын алды. Механизаторлардың техниканы тиімді пайдалануы нәтижесінде көктемгі егіс қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілді. Суворов МТС-і егіс жоспарын 25 майда орындады. Колхоздарда күнбағыс, жүгері, тамыржемістері, картоп егістері алғашқы рет шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды, таңдаулы механизаторлар тың жер көтеруде еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

Алайда, барлық МТС-терде техника тиімді пайдаланылды деуге болмайды. МТС пен колхоздар арасындағы шартты міндеттемелерді орындауда әлі де формальдылық жойылған жоқ. Налобин, Образцовой, Преснов станциялары осы күнге дейін жемшөптік және техникалық дақылдардың егіс жоспарын орындай алмай отыр. Пушкин атындағы және Тимирязев атындағы МТС-тер картопты шаршы- ұялы әдіспен отырғызбады десе де болады. Бірқатар колхоздар күздік егісті қоректендіру және тырмалау жөніндегі жоспарды орындамады.

Көптеген МТС-терде осы күнге дейін дала жұмыстарын жүргізуде орын тепкен кемшіліктерді бүркемелеу бар. Мәселен, Ворошилов атындағы МТС-тің Терещенко жолдас басқарған трактор бригадасында бір участок нашар жұмыстады. Колхоз басқармасы муны біле тұра үндемеді. Ал, МТС басшылары тұқымның кезінде жеткізілмеуі себепті екі трактордың бір тәулік бойына бос тұруына төзіп, колхоз астам дәнді дақылдар, соның ішінде 30 мың гектардан астам бидай егілді. Тракторшы Сиротин жолдас «С—80» трактор ымен «Земледелец» колхозында 500 гектар жер жыртты.

Алайда, МТС бойынша машиналарды пайдалану көрсеткіштері әлі де төмен. Лягушин жолдас техникалық күтімнің кезінде жасалмауы себепті тракторлардың бос тұруы жиі кездесетінін айтты. Бірқатар трактор бригадаларында техникалық күтім ережесі сақталмайды. Ол станцияны қосалқы бөлшектермен және жөндеу материалдарымен жеткілікті қамтамасыз етпегені үшін «Главмашсбыт» мекемесі мен материалдық- техникалық база басқармасының басшыларын сынады. Кәзір бірқатар тракторларды техникалық күтімге қою қажет болып отыр. Бірақ бұл үшін қосалқы бөлшектер жоқ. Қосалқы бөлшектердің болмауы себепті шөп машиналары мен комбайндарды жөндеу жұмысы да баяу жүргізілуде.

Суворов МТС- нің директоры Верткин жолдас өзінің сөзінде станция механизаторларының қажырлы еңбегін хабарлады.

—Бізде машиналарда тамаша адамдар жұмыс істейді, —деді ол. —Тракторшылар Андрей Рыбак, Иван Старых бір сменада 7 гектардың орнына, 14 гектардан жер жыртады. Бригадир Курбатов май айында заттай төленетін ақыны есептемегенде ақшалай 1784 сом алды. Басқа да бірнеше механизаторлар еңбек өнімділігінің жоғары көрсеткішіне ие болуда. Станция пар жырту жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Бізде пар жырту жоспары 8 июньде аяқталады.

Верткин жолдас МТС-те өндірісті ұйымдастыру жұмысының анағұрлым жақсарғанына толық тоқталды. Ең алдымен барлық жұмыстың көлемі анықталып, күш дұрыс бөлінді. Дала жұмыстарына шытар алдында барлық бригадаларда техниканы жөндеудің сапасын байқау жөнінде өзара бақылау жасалды. Мұның өзі жөндеу жұмысындағы кемшіліктерді кезінде ашуға мүмкіндік берді.

Булаев ауданының колхоздары быйыл 8850 гектар тың және тыңайған жерлерге егін септі. Булаев Совет атқомінің председателі алдыңғы қатарлы механизаторлардың табыстарын баяндай келіп, техниканы пайдаланудағы елеулі кемшіліктердің бетін ашты. Калинин атындағы МТС-те 6 трактор көктемде жұмысқа мүлдем қатыспады. Кейбір тракторлар мен небары 30-40 гектар ғана жер жұмысталды. Бірқатар трактор бригадаларында плуттер жетіспейді. Булаев МТС-інде де 6 шынжыр табан тракторлар толық пайдаланылмай келеді. Алайда, облыстық ауылшаруашылық басқармасының бас инженері Непрядько жолдас көктемгі егіс кезінде МТС-терде бірде -бір рет болып, станцияның механизаторларына тиісті көмек көрсеткен емес.

Преснов МТС-нің бас инженері Егоров жолдас өзінің сөзінде трактор бригадаларында еңбек ұйымдастыру мәселесін мей-

жағдай жөнінде де лекциялар оқылды.

Біз лекциялық насихаттың жайы оқылған лекциялардың санына қарай емес, сапасына қарай бағаланатынын жақсы білеміз. Лекциялық насихаттың идеялық жағынан мазмұнды, ауданның, колхоздың бүгінгі өмірімен тығыз байланысты болуы ең басты мәселе. Жұмысты

ло үгітшілері белгілі жұмыс жүргізді. Алайда, кейбір колхозшылардың еңбек тәртібін бұрмалау фактілері толық жойылмады, бұл мәселе жөнінде «қоғам мүддесі мен жеке мүдделі ұштастыру» деген тақырыпта лекция ұйымдастыру қажет болды.

Бұл тақырыпта лекция оқу аудандық

міндет —лекциялар мен баяндамалардың мазмұнын арттырып, оларды еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі әсерін күшейте беруде болып отыр.

Г. АБРОСИМОВ,
ҚКП Петропавл аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Мал өсіруші коммунистер

Жамбыл атындағы колхоз (Октябрь ауданы) коммунистерінің бірқатары мал шаруашылығында жұмыс істейді. Мәселен, коммунистер Күлсім Тасжанова қозы күтеді, Қажахмет Сайдуов — жылқы фермасының меңгерушісі, Айтқожа Исахметов —сыйыр малы фермасының меңгерушісі. Олар өндірісте қажырлы еңбек етумен бірге, мал өсірушілер арасында бұқаралық-саяси жұмыстар жүргізеді.

Партия-комсомол топтарының жұмысы туралы

ҚКП Булаев аудандық комитеті өзінің бюро мәжілісінде Булаев МТС-нің Сталин атындағы, «Гигант» колхоздарында жұмыс істейтін трактор бригадаларындағы партия-комсомол топтарының жұмысы туралы мәселе қарады. Бригадаларда партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен. Топтың жыйналыстарында бригаданың өмірінеч алынған толғағы жеткен мәселелер сирек

талқыланады. Социалистік жарыс озаттарының еңбек өнегесі жалпының игілігіне айналдырылмай келеді. МТС партия ұйымы, оның секретары Килейников жолдас бұл жұмыстарға немкетті қараған.

Бюро мәжілісі трактор бригадаларындағы партия- комсомол топтарының жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп қаулы алды.

Ауылдық Советтің қызметкерлері шаруашылық жұмыстарға қандай немкетті қараса, мәдениет жұмыстарына да сондай жауапсыз қарайды. Мәдениет мәселесі көп уақыттан бері Советтің мәжілісінде де, сессиясында да қаралған жоқ.

Осы Бостандық ауылдық Советінің үш елді пунктіндегі екі бастауыш, бір жетіжылдық мектептің 4—7 класс оқушылары емтихан тапсырды. Бірақ, Совет басшылары оқушылардың емтихан тапсыру жайымен де таныспаған, мектепте не болып жатқанын білмейді.

Советтің үш елді пунктінде де бұқаралық-тәрбие жұмысы нашар. Үгітшілер, әсресе, мектеп мұғалімдері колхозшылар арасында өте сирек болады. Лекция оқылмайды, кино көрсетілмейді. Бұған төзуге болмайды.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

...сеспасын сынтене дамды. Мұндай фактілер Асанов, Майбалық, Баян МТС-терінде де бар.

Быйыл Коновалов МТС-і 37.5 мың гектар тың және тынайған жерлерді игеруге тиіс. Станция директоры Ламазов жолдас өзінің сөзінде механизаторлардың көктемде 5 мың гектарға жуық тың жер жыртып, оған қатты бидайды сепкенін хабарлады. Алайда, тың жерлерді игерудің қарқыны бүгінгі күннің талаптарына жауап бермейді. Директор, станция плуттермен толық қамтамасыз етілмеді дегенді айтты. Дегенмен, Ламазов жолдас МТС-те колда бар плуттердің дұрыс пайдаланылмауы жөніндегі кемшіліктерді мойындауға мәжбүр болды.

—Куйбышев атындағы МТС-тің механизаторлары, —деді станцияның бас инженері Лягушин жолдас, —егісті 1 июньде аяқтады. Быйыл 41 мың гектардан

Ворошилов атындағы және Образцовой МТС-терінің бас агрономдары. Винищенко және Кожасов, Приешім МТС-нің бас инженері Цой жолдастар шөп жыйнайтын және астық жыйнайтын машиналарды жөндеу жұмысының жайы мүлде төзгісіз екеніне тоқталды.

Кенесте «Главмашсбыт» мекемесінің және материалдық- техникалық базасы басқармасының басшылары Жданович, Потапов, Мамлют заводының директоры Железнов жолдастар сөз сөйледі.

Облыстық партия комитетінің секретары Попадько жолдас өзінің сөзінде МТС-тердің көктем егісі кезіндегі жұмысына толық талдау жасады. Ол механизаторлардың келесі жылдың егісі үшін жер дайрлау, шөп шабу науқанын өткізу және егін жыйнауға әзірлену жөніндегі міндеттерінде тоқталды.

Совет халқының әл-ауқатын арттыруда мемлекеттік заемдардың маңызы

☆

Т. ТӨЛЕБАЕВ,
Қазақ ССР Финанс министрі

☆

Совет халқы Коммунистік партияның XIX съезінің, СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март Пленумдарының тарихи қарарларында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін асқан саяси және өндірістік өрлеу үстінде еңбек етуде. Бұл жаңқыярлық қажырлы еңбек коммунистік құрылыстың барлық салаларында өзінің жемісті нәтижелерін беруде. Өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі соғыстан бұрынғы 1940 жылғы дәрежесінен 2,5 есе асып түсті, ал бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі, 1950 жылғымен салыстырғанда, 45 процент артты.

Ауыр индустрияның зор табыстары жеңіл және тамақ өнеркәсібін жедел өркендетуге мүмкіндік туғызып, өткен жылы халық тұтынатын заттар өндіретін өнеркәсіп өнімді 1950 жылғымен салыстырғанда, 43 процент көп берді. Бір жылдың ішінде халық тұтынатын тоқарлар өндіретін 300-ге жуық жаңа өнеркәсіп орындары іске қосылды.

Кәзіргі заманның алдыңғы қатарлы техникасымен жабдықталған социалистік ауыл шаруашылығымыз күшті қарқынмен өркендеп келеді. Партия мен үкметтің Қазақстанның, Сибирьдің, Уралдың, сол сияқты Поволжьеның және Солтүстік Кавказдың аудандарындағы тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі шақыруына Отанымыздың еңбекшілері қызу үн қосты. Жаңа жерлерді игеруге баруға жарты миллионнан астам совет патриоттары тілек білдірді. Тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысына 80 мыңнан астам агроном, инженер, механизатор және басқа қызметкерлер жіберілді. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдарының қарарларын іске асыра отырып, еліміздің колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС-тер мен совхоз жұмысшылары, ғылми қызметкерлер мен қала еңбекшілері ауылшаруашылық өндірісінің дәрежесін арттыру үшін, машина-трактор станцияларының, колхоздар мен совхоздардың жұмысын жақсарту үшін қажырлы күрес жүргізуде.

Халық шаруашылығын өркендету ісінде республикамыздың еңбекшілері де елеулі табыстарға жетіп келеді. Қазақ ССР бойынша бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі өткен жылы, 1952 жылмен салыстырғанда, 13 процент артты. Кәмір өндірудің жылдық жоспары 102 процент, мұнай өндіру 100,3 процент орындалды.

Өткен жыл республиканың колхоздары мен совхоздары үшін ауыл шаруашылығының онан әрі өркендеген жылы болды. Социалистік ауыл шаруашылығының материалдық -техникалық базасы онан әрі нығайып, машина -трактор станциялары және тракторлармен, жүк тасыйтын автомашиналармен, машина жабдықтармен толықтырылды.

Кәзір Қазақстан еңбекшілері алдына тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде зор және абройлы міндеттер қойылып отыр. Республикада 1954 — 1955 жылдары дәнді дақылдар егу үшін 6 миллион 400 мың гектар жаңа жерлер игерілуі керек. Бұл—бүкіл Совет Одағы бойынша игерілуге тиіс жерлердің тең жартысына жуық. Сөйтіп Қазақстанда дәнді дақылдардың жалпы түсімділігі келесі жылы кем дегенде 550— 600 миллион пұт ұлғаюға тиіс.

Республикада мәдени- құрылыстарға жұмсалған күрделі қаржы өткен жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда, 40 проценттен астам көп болды. Мектептер, ауруханалар, балалар мекемелерін және басқа мәдени-тұрмыс орындарын салу жөнінде едәуір жұмыстар жүргізілді. Көптеген қалалар мен жұмысшы поселкелері көркейтіліп, жаңа парктер мен сквер лер салынды, гүл алаңдары жасалып, көшелерге ағаштар отырғызылды. Өткен жылы республика астанасы — Алматыда троллейбустар мен трамвайлардың саны көбейді.

Елімізде халық шаруашылығының жалпы өркендеуінің негізінде ұлттық табыстың үздіксіз артып келеді. Азық-түлік және өнеркәсіп тоқарларының бағасы ұдайы кемітіліп, жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы және колхозшылардың табысы өсуде. Азық-түлік және өнеркәсіп тоқарлары бағаларының кемітілуі нәтижесінде кәзір біздің еңбекшілеріміз 1947 жылы бір мың сомға сатып алған тоқарын ендігі жерде 433 сомға сатып алу дәрежесіне жетіп отыр.

Халықтың материалдық әл-ауқатының өсуі, совет саудасының кең өрістетілуі тоқар айналымының былтыр, 1952 жылғымен салыстырғанда, 21 процент, ал деревняда 24 процент артуын қамтамасыз етті. Үстіміздегі жылы тоқар айналымы 1950 жылғыға қарағанда, 75 процент өскелі отыр. Бұл—тоқар айналымы жөніндегі бесжылдық жоспар 4 жылда асыра орындалады деген сөз.

Социалистік экономиканы өркендетуде және нығайтуда ССРО-ның Мемлекеттік бюджеті зор роль атқарады. Совет мемлекеті бюджет арқылы бейбіт шаруашылық пен мәдени құрылыстардың ұлы жоспарларын жүзеге асыруға арналған ақша қаржыларын жыйнап және оларды жоспарлы түрде жұмсап отырады. Біздің Мемлекеттік бюджетіміз Коммунистік партия мен совет үкметінің халық шаруашылығын өркендете беруге, халықтың материалдық әл-ауқатын, мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсартуға бағытталған қамқорлығын бейнелейді.

Біздің социалистік қоғамымызда халық бюджеттен өзінің бюджетке берген қаржыларынан әлде қайда көп алып отырады. Мысалы, былтыр жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер өздерінің бюджетке бергендерінен 130 миллиард som ақшаны артық алды. Ұлттық табыстың артуы және осының негізінде бюджет кірістерінің молаюы социалистік мемлекетімізде бөлшек сауда бағаларын үнемі кемітуге, әлеуметтік -мәдени мақсаттарға арналған шығындарды көбейтуге, сөйтіп халықтың нақтылы табысын едәуір арттыруға мүмкіндік беріп келеді.

Совет мемлекеті еңбекшілерге әлеуметтік қамсыздандыру бойынша пенсия төлеп, курорттарға, санаторийлерге, демалыс үйлеріне, балалар мекемелеріне тегін немесе арзан путевкалар беріп отырады. Бүкіл елімізде еңбекшілерге тегін медициналық көмек көрсетіледі. Көп балалы және жалғыз басты аналарға мемлекеттік көмек көрсетіліп, бастауыш және жетіжылдық мектептерде оқу тегін оқытылады, ал жоғары және көптеген орта оқу орындарында студенттер стипендиямен қамтамасыз етіледі.

ССРО Жоғарғы Советінің жақында өткен сессиясы ССРО-ның 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекітті. Бұл бюджет бойынша халық шаруашылығын өркендетуге бөлінген қаржы 1950 жылғымен салыстырғанда, 57 процент көп болып отыр. Быйылғы жылы әлеуметтік-мәдени қажеттерге—оқу, денсаулық сақтау және басқа шараларды іске асыруға жұмсалатын қаржы 1939 жылғы бюджеттің бүкіл шығыс бөлігіне жуық. Ал, ауыл шаруашылығы салаларын өрістету үшін қаржы өткен жылғыдан 42,4 процент артық бөлінген.

Халық шаруашылығын өркендету бюджетінің мөлшері біздің республикамызда да үнемі артып келеді. Республиканың 1954 жылға арналған мемлекеттік бюджеті өткен жылғымен салыстырғанда 23 процент артық белгіленіп отыр.

Капиталистік елдердегі жағдай мүлде басқаша. Олардың бюджет қаржыларының басым көпшілігі әдетте өнім бермейтін соғыс мақсаттарына жұмсалады. Бұл капиталистік системаның экономикалық және саяси жағынан әлсірегенін, капитализм лагерінде қайшылықтардың шиеленіскендігін көрсетеді.

ССРО-ның Мемлекеттік бюджеті—бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени қажеттерін барынша қанағаттандыру бюджеті. Ол халықтың материалдық әл-ауқатын жақсартуға, социалистік өндірісті күшті қарқынмен өркендетуге қызмет етеді. Біздің бюджетімізде бюджет кірістерінің негізгі қайнар көзі социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі, транспорттың дамуы, товар айналымы мен еңбек өнімділігінің артуы, өнімнің өзіндік құнының кемітілуі және өнеркәсіп орындарының жұмысы рентабельді істеуі болып табылады. ССРО-ның 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті кірістерінің жалпы көлемі 572 миллиард 542 миллион som болса, соның социалистік шаруашылықтан түсетін 497 миллиард 259 миллион som яғни бүкіл бюджет кірісінің 86,9 проценті болып белгіленген.

Бюджет кірістерінің қосымша көздерінің бірі — Мемлекеттік заемдарды таратудан түсетін халық қаржылары. 1954 жылға арналған бюджетте халық арасында жазылу жолымен таратылатын Мемлекеттік заемдардан түсетін қаржы 15,9 миллиард som мөлшерінде белгіленген. Мемлекеттік бюджеттен ұтыс түрінде және заемдары өтеу тираждары бойынша халыққа төленетін қаржы быйылғы жылы 10,5 миллиард som мөлшерінде болып отыр.

Совет заемдары капиталистік елдердің заемдарынан мүлде өзгеше. Капиталистік елдерде заемдар халықтың әл- ауқатын, мәдени- тұрмыс дәрежесін көтеруге емес, қару- жарақты көбейту шараларын қаржыландыруға жұмсалады. Сөйтіп, олардағы заем еңбекшілерді қанауға және езуге қызмет етеді.

Совет заемдары — еңбекшілер арасына көп тараған, шын мәнісінде халықтық заем. Ол совет адамдарының көкейтесті мүддесіне толық сай келеді. Сондықтан совет халқы жыл сайын мемлекеттік заемдарға зор саяси белсенділік үстінде жазылып, өздерінің Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне тығыз топтасқандығын көрсетіп келеді. Мысалы, ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1953 жылы 15 миллиард som мөлшерінде шығарылған Мемлекеттік заемы үш күннің ішінде 15 миллиард 343 миллион som болып таратылды. Заемға жазылу біздің республикамызда да асқан ұйымшылдықпен жүргізілін, жұмысшылар, колхозшылар зор белсенділік көрсетті.

Біздің социалистік мемлекетімізде совет заемдары шаруашылық және мәдени құрылыс жоспарларын орындауға, мемлекетіміздің қуаттылығын нығайта беруге көмектесумен қатар, мемлекеттік заемдардың облигацияларын ұстаушыларға едәуір материалдық көмек көрсетілін келеді. Мемлекеттік заем облигацияларын ұстаушыларға ұтыс ретінде 1952 жылы 6,8 миллиард, 1953 жылы — 9,8 миллиард som төленді, ал быйылғы жылы 10,5 миллиард som төленгелі отыр. Қазақ ССР-інің еңбекшілері Мемлекеттік заемдар облигацияларының ұтысы ретінде 1952 жылы 180,3 миллион, 1953 жылы 261 миллион som алды, ал оларға 1954 жылдың алғашқы төрт айында 86,3 миллион som төленді.

ССРО-да еңбекшілердің жыйнақ кассаларында сақтайтын ақшаларының сомасы жыл сайын өсіп келеді. Мұның өзі совет адамдарының әл-ауқатының үздіксіз артып отырғандығын бейнелейді. Республикамыз бойынша еңбекшілердің жыйнақ кассаларында сақтаған ақшаларының мөлшері өткен жылы одан бұрынғы жылмен салыстырғанда 2,3 есе артты, халық 3 проценттік ішкі ұтыс заемының облигацияларын 1,8 есе көп сатып алды.

Совет адамдарының мемлекетке қарызға берген ақшалары партия мен үкметтің тың және тыңайған жерлерді игеріп, елімізде астық молшылығын жасау жөнінде алға қойған міндеттерін орындау ісіне үлес қосады. Сондықтан біздің халқымыз өздерінің заемға берген ақшаларының, халық игілігі үшін жұмсалған басқа ақшалар сияқты, өз мемлекетінің, өзінің мүддесіне қызмет ететінін жақсы біледі.

Біздің социалистік мемлекетімізде, әрбір жұмысшының, колхозшының, советтік интеллигенцияның —бүкіл совет адамының Мемлекеттік заемға жазылып, бюджет кірісіне үлес қосуы, оның азаматтық қасиетті борышына айналған іс.

ӨЗГЕРГЕН ӨҢІРДЕ

Тыңға аттанар алдында

Арғы шеті аспанмен ұштасып жатқан тақтайдай жазық кең даланың ұшы-қиырына көз жетпейді. Сан ғасыр бойы плуг түрені тимей тыныш жатқан бұл құнарлы өлке тек «Баян» ауылшаруашылық артелінің қоғамдық малы үшін жайылым ретінде ғана пайдаланылатын. Қара топырақты кең алқапқа астық егілін, оның қойнында жатқан асыл қазынасын алу әлі де болса қолға алынбай келе жатқан іс еді.

Міне, бүгін осы даланы байқауға екі салтты сонымен жүріп келеді. Екеуі де жеңіл киінген. Көздерін алысқа қадай, байтақ даланы болжап тұрып, сүйсінген пішінмен:

— Шіркін мына даланың мақпал қыртысын «С—80» тракторымен аударуға ешкім де ерінбес, —дейді толық денелі, сары жігіт.

—Ол жорықты жуырда бастаймыз ғой. Күшінді сонда көрсетерсің, — деп қалжыңмен жауап берді оған жолдасы.

Тыңық даланың тыныштығын бұзған бұл екеуі ертең осы алқапты айырып, ел ырысы —алтын дән егетін Баян МТС-нің № 25 трактор бригадасының басшылары еді. Байтақ далаға қызыға көз тастап келе жатқан жігіт —Свердлов облысынан тың және тыңайған жерді игеруге көмекке келген механизатор Петр Неуймен. Ол Свердлов облысында трактор бригадасының бригадирі болып істеген болатын. Ал, көзір тың жер игеретін трактор бригадасы бригадирінің көмекшісі.

Жолаушының екіншісі облыска аты мәлім, Социалистік Еңбек Ері Әлиақбар Асадулаев еді. Оның бұрынғы мамандығы —комбайншы. Бірақ, патриот механизатор өзінің тың жерде жұмыс істеуге құштарлығын бірдірін, МТС директорына арыз берген-ді. Аз уақыт ішінде трактор-шылық мамандығын меңгеріп кеткен ол, тың жер игеретін № 25 трактор бригадасының бригадирі етіп тағайындалған болатын.

Олардың бүгінгі сапары —өздері еңбек ететін тың жер алқабын көріп қайту. Сонымен бірге Әлиақбар свердловтық Петрді өз ауылының қоймасы қойнында жатқан құнарлы жерімен таныстырмақ.

Қара топырақты құнарлы өлке Неуйменді сүйсіндірсе керек.

— Не деген байтақ дала. Осы байлықты игермей неғып жүргенсіндер, Әлиақбар, —дейді ол.

—Сендерді күттік.

Бұл сөзге екеуі де қарқылдап күлісті.

Енді аздан соң екеуі аттарынан түсіп, жердің ылғалдығын байқауға кірісті.

—Бір-екі күннен кейін бастауға болады, —деді Әлиақбар, жерден ұыстап алған топырақты көрсетіп.

—Мен де солай ойлаймын. Ертең қосты көшіру керек.

Осы тоқтамға келген механизаторлар аттарына мініп ауылға қарай бет алды. Шоқыта кетіп бара жатқан олар көп ұзамай көзден де таса болды. Бірақ, олардың бұл көрінісі сырт көрген адамға мыз еді, сондықтан алғашқы борозданы сен тарт, —дейді Хамитов Кравченкоға.

Олардың бұл әңгімесін жандарына келген Әлиақбар бөліп жіберді.

— Іске сәт, жолдастар! Енді бастауларына болады.

Бұл сөзді манадан бері асыға күтіп тұрған тракторшылар таңертеңгі таза ауаны жаңғырықтыра темір тұлпарлары орындарынан қозғай жөнелді. Тыңық даланың өңірін мотор үніне толтырып, осынау алқапты еңбек алаңына айналдырып тұр, олардың гүрілі.

Игілікті істің алғашқы қадамын бірінші боп аттау кім үшін болса да зор мәртебе емес пе! Кезектесі Хамитовтың ұсынысы бойынша Кравченко жаңа «С—80» тракторымен тың жерге алғашқы бороздаңы өзі тартты. Шын пейілімен кезегін берген жолдасына бір жағынан риза болса, екіншіден, бұл сыйлаудың оған зор міндет артатынын да жақсы біледі ол. Астанадан аттанар алдында Москва атына сай еңбек етемін деп серт бергені де зор жорықтың алғашқы күнінің өзінде-ақ оның көз алдына келді. Бұл аз жауапкершілік сезімі іштей толқытқанмен оның кейпінде нық сенімділіктің ізі айқын анғарылғандай еді. Ол жүргізіп бара жатқан алып машинаның артына тіркелген көп корпусты түренді плуггер соны жердің шымын терең аударып, селеулі далада алғашқы борозданы айырып бара жатты.

Жұмыс күннің аяқ кезінде бригада басына МТС-тің бас агрономы Төке Аяғанов пен «Баян» колхозының председателі Сексенбай Тұралин келген кезде мана таңертең әкселеулі көрпе жамылған кең алқаптың біраз бөлегі қарамақпал топырақтың торқасымен көмілген болатын. Бас агроном келе Кравченко жыртып жүрген алаңның айыру тереңдігін өлшеді.

— 21 сантиметр, —деді ол қанағаттанғандық пішінмен,—өте жақсы жұмыстанған.

Аз уақыт өткеннен кейін бригада өзінің бір күндік еңбек қорытындысын шығарды. Жалпы бригада бойынша бір күнде жыртылған жер көлемі 51 гектар. Ал, Кравченко өзінің «С—80» тракторымен 16 гектар тың жер айырған.

—51—гектар жақсы көрсеткіш. Алғашқы табыстарыңмен құттықтаймын. Қарқындарың арта берсін, —деді колхоз председателі Социалистік Еңбек Ері бригадирдің қолын қысып.

Қос басындағы әңгіме

Бұл әңгіме тыңға шабуыл басталғаннан соң үш күннен кейін болған еді. Бригада ол кезде 160 гектарға жуық тың жер көтеріп, алғашқы жыртылған жерге тұқым себе де бастаған.

—Біздің алғашқы қарқынымыз ойдағыдай болғанмен жұмысымызда кемшіліктеріміз де жоқ емес, —деп бастады әңгімесін бригададағы партия тобының жетекшісі О. Бошанов. — Мәселен, кеше Хамитов өз нормасын орындай алмады, оның үстіне кейбір жерлердің жыртылу тереңдігін сақтамады. Бұл жағдай жұ

—Нормамды орындай алмай қалам бә деп, кей жерді саяз жыртқаным рас. Бұл үлкен кемшілік, келешекте оған жол бермеймін, —деді ол.

Әңгіме аяқталар алдында келген Преснов аудандық партия комитетінің Баян МТС-і аймағының секретары Прядько жолдас отырғандардың барлығының да көңілдеріне ой саларлық хабар айтты.

—№ 17 трактор бригадасының механизаторларының көрсеткіші сендерден асып барады, —деді ол.

—Олардың табыстарына біз де қуанамыз, —деп байсалды жауап берді бұл сөзге бригадирдің көмекшісі Неуймен.

Жарысушы бригада

Расында да, Социалистік Еңбек Ері Калмыков басқарған трактор бригадасында бұл кезде тың жерді игеру қызу қарқынмен жүріп жатқан- ды. Бұл бригада Асадулаевтің бригадасымен социалистік жарысқа түскен болатын. Мұнда да механизаторлардың басым көпшілігі москвалық және алматылық патриоттар. Ал, бригада «Баян» колхозымен көршілес Киров атындағы ауылшаруашылық артелінің еңбек даласында жұмыс істейді.

Бригада механизаторларының арасындағы социалистік жарыста, әсресе, москвалық Шлычков және Рябов, алматылық Ахметов, Алексеев жолдастар күндік тапсырмаларын үнемі 125-130 процент орындап, басқаларға еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде.

Бұл екі Еңбек Ері басқарған трактор бригадасының механизаторлары социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындаумен бірге олар өзара ынтымақты да күшейте түсуде. Мәселен, жуырда Асадулаев бригадасының озат трактор-шысы Кравченко бұл бригадаға келіп, ондағы механизаторларға өз тәжрибесін айтып берді.

— Жарыс үстінде қызу еңбек қарқынын тудырып отырған бұл екі бригада механизаторларының көзіргі еңбек өнімділігі жан сүйсінерліктей,—дейді олар туралы аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Прядько жолдас риза болған пішінмен.

Алғашқы табыс

—Сертіміз —12 жұмыс күні ішінде 560 гектар тың жер көтеріп, оған осы көктемде тұқым себу еді. Ол аброймен орындадық, —дейді Неуймен зор мақтаныш сезімімен. — Сөзіміз ісімізбен бірдей шықты.

Расында да солай. № 25 трактор бригадасының механизаторлары ауданда бірінші болып өздерінің алғашқы табысын атап өтті. Ол —тың жер игерудің быйылғы көктемдік жоспарын орындау.

—Москвалықтар әр қашанда озат еңбектің алдыңғы сапында болады, —дейді бригаданың таңдаулы тракторшысы Кравченко. Оның бұл сөзінің дәлеліндей бригаданың ауыспалы қызыл туы да «С—80» тракторының үстінде желбіреп тұр.

Көктемгі егіс басталғалы Кравченко-

Жүн—аса бағалы шикізат

☆ ☆ ☆

Қой қырқуды ойдағыдай өткіземіз

Өткен жылы біз қой қырқуды бірінші рет электр агрегатымен жүргіздік. Мұның өзі әрбір қойдан қырқылатын жүннің әрі өнімді, әрі сапалы болуына жағдай жасады. Мәселен, 1952 жылы әрбір қойдан қолмен қырыққанда 1 килограмм 200 грамнан жүн алсақ, 1953 жылы электр агрегатымен қырқылған әрбір қойдан 1 килограмм 920 грамм жүн алынды. Мұнымен бірге, электр агрегаты қой қырқушылардың еңбегін еңдәуір жеңілдететінін, қой қырқуды тез өткізуге мүмкіншілік беретінін де өз тәжрибемізден көрдік.

Быйыл біздің фермада 1500 қой бар. Олар қыстан қонды шығарылды. Қар ерісімен қойлар жайылымдарда бағылуда. Қойларды күтуді жақсы ұйымдастырумыз олардың тек қоңды болуына ғана емес, сонымен бірге жүнді де көп беруіне жағдай туғызып отыр.

Көзіргі біздің осы маңызды міндеттерімізді бірі—қой қырқуға ойдағыдай әзірленіп, оны ұлгілі өткізу болып табылады. Бұл міндетті ойдағыдай орындау мақсатымен қой қырқуға әзірлікті ерте бастан қолға алдық. Бізде көзір қой қырқатын арнаулы орындар әзірленді. Электр агрегаттарының мүшелеріне көмектесуде шопандардың міндеті белгіленді. Сол сыяқты, жүнді қырыққан жерде өлшеп, дереу дайындау орындарына жөнелтуге керекті құрал- жабдықтардың бәрі де әзірленді. Міне, мұның бәрі ферма коллективінің быйыл әрбір қойдан жүнді өткен жылғыға қарағанда кемінде 300-400 грамнан көп алу жөніндегі міндеттемелерін орындауына жағдай жасайды.

Өткен жылы колхозшы Бекенова, Әленова жолдастар электр агрегатында қой қырқушы болып істеп, әркайсысы күн сайын 22-23 қой қырқып жүрді. Олар быйылғы қой қырқуда да агрегатта қырқушы болады. Көзір Бекенова, Әленова жолдастар күн сайын кемінде 25-30 қойдан қырқуға міндеттенді. Мұндай көтеріңкі міндеттемені Рақышова жолдас та алып отыр.

Біз қой қырқуға барлық жағынан толық әзірміз. Фермаға электр агрегаты келісімен оны іске өнімді пайдалана отырып, қой қырқуды 3-4 жұмыс күні ішінде, жоғары сапада өткізетін боламыз.

Е. ТАМАНОВ,

Октябрь ауданы, «Қызылту» колхозының қой фермасының меңгерушісі.

Электр агрегатымен

Преснов ауданындағы Хрущев атындағы колхоздың қой өсірушілері өткен жылы әрбір жүз саулықтан 110 қозы алып, оны шығынсыз өсірген болатын. Олар бұл жылы әрбір қойдан орта есеппен 2,7 килограмнан жүн қырықты. Қой өсірушілер мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жолында өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетте отырып, әрбір

Мемлекетке жоғары сапалы жүнді көп берейік

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарының еңбекшілері мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын өркендету жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Алдыңғы қатарлы мал өсірушілер ғылым мен озат тәжрибелердің табыстарын өз істеріне шеберлікпен енгізе отырып, мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыра беру ісінде едәуір табыстарға жетуде. Олардың ішінде қойдан қырқылатын жүннің мөлшерін жыл сайын арттырып, сапасын жақсартып отырған шопандар да аз емес.

Облыс колхоздары мен совхоздарында 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы қой саны 16,9 процент көбейіп, жүн дайындаудың мөлшері 16,2 процент өсті. Дайындалған жүннің ішінде биязі және жартылай биязі жүннің үлес салмағы едәуір артып, дайындау орындарына 1953 жылы 1952 жылдағыдан биязі жүн 10,2 процент, жартылай биязі жүн 25,8 процент көп тапсырылды.

Көптеген колхоздар мемлекетке жүн тапсыру жөніндегі жоспарды толық орындап шықты. Ал, Конюхов ауданындағы Молотов атындағы, Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму», Приешім ауданындағы «Новая жизнь», «Борьба», Совет ауданындағы Каганович атындағы, «Колос» колхоздары, басқа да аудандардың бірнеше алдыңғы қатарлы колхоздары мемлекетке міндетті түрде жүн тапсырудың белгіленген жылдық жоспарын толық орындаумен бірге, басы артық жүнді мемлекеттік сатып алу орындарына сатудан мыңдаған сом табыс алды. Тек Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозы ғана мемлекетке жоспардан тыс жүн өткізуден 22.784 сом ақшалай қосымша табыс және бұдан басқа товарландыру ретінде 400 жұпқа жуық пима алды.

Алайда, өткен жылы жүн дайындау жұмысы облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында бірдей ойдағыдай ұйымдастырылмады. Мәселен, мемлекетке міндетті түрде жүн тапсырудың жылдық жоспарын Приешім совхозы 56,6 процент, Қызыл әскер совхозы 56,5 процент, Явленка, Ұзынкөл совхоздары 40-49 процент қана орындады. Сол сыяқты Ленин Октябрь, Булаев аудандарының бірқатар колхоздары жүнді мемлекетке жоспарлағыдан едәуір кем тапсырды. Мұндай жағдайдың орын алуының басты себебі кейбір совхоз директорлары мен колхоз председательдерінің, мал шаруашылығы мамандарының қойды күтіп, азықтандыру ісін жақсартуды, сөйтіп, одан алынатын өнімді молайтуды қамтамасыз етуге жете мән бермеуі болды.

Кейбір колхоздар мен совхоздарда қырқылған жүннің дұрыс есепке алынбау фактілері де кездесті. Ондай шаруашылықтарда жүннің талан-таражға түсуіне, сапасының төмендетілуіне жол берілді.

Жүн дайындау жұмысындағы өткен

лықтарда үстіміздегі жылы да қайталанып отыр. Мәселен, Чистян, Булаев, Полудень, Майбалық, Совет МТС-тері колхоздарда қой қырқу басталғанға дейін электр агрегаттарын жөндеуді толық аяқтамады. Олардың барлығында да электр агрегатымен жұмыс істейтін маман кадрлар, әсресе, қой қырқушылар жеткіліксіз дайындалған. Сондай-ақ колхоздарда арнаулы дайындығы бар жүн іріктеушілер өте аз. Мұның өзі көзір қой қырқу жұмысын ойдағыдай өткізу ісіне өзінің кері әсерін тигізіп келеді. Бұған ең алдымен облыстық ауылшаруашылық басқармасы кінәлі. Өйткені, оның мал шаруашылығы басқармасы (бастығы Қоспанов жолдас) мен МТС басқармасы (бастығы Синичкин жолдас) МТС-терде қой қырқуға әзірліктің жайымен күнбе- күн танысып, бұл жұмыста орын алған кемшіліктерді дереу жойып отыруға басшылықты қанағаттанғысыз жасады.

Жүн дайындау жоспарын әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық орындау қой қырқуды ұйымшылдықпен өткізуге, қырқылған жүннің сапасын төмендетпеуге тікелей байланысты. Сондықтан дайындау және ауылшаруашылық органдарының қызметкерлері, колхоз, совхоз, МТС басшылары, қой қырқуды барынша жақсы ұйымдастырып, бұл жұмыста байқалған кемшіліктерді іс үстінде жойып отырулары керек.

СССР Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Елімізде мал шаруашылығын онан әрі өркендету және колхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілер шаруашылықтарының мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде тапсыру нормаларын кеміту шаралары туралы» қаулысына сәйкес, үстіміздегі жылы колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің меншігіндегі қойлардан мемлекетке міндетті түрде жүн тапсыру нормасы кемітілін отыр. Осыған байланысты дайындау орындары колхозшылар, жұмысшылар және басқа азаматтар меншігіндегі қойдан міндетті жүн тапсырудан артық жүнді мемлекеттік сатып алу орындарына сатуын ұйымдастыруға міндетті. Облыстық, аудандық, «живсырье» мекемелері мен тұтынушылар одақтары колхозшылардың және басқа азаматтардың мемлекетке сатып алу түрінде сатып берген жүні үшін есеп айырысуға халық тұтынатын товарларды аудандарға, колхоздар мен совхоздарға неғұрлым мол жеткізулері керек.

Жергілікті партия, совет ұйымдары қой қырқу, жүн дайындау жұмыстарын ойдағыдай жүргізуді ұйымдастыруға тікелей қатысып, мемлекетке міндетті түрде жүн тапсырудың жоспары әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Е. ДЕМИНА,

Дайындау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі бастығының

шепті болжап келуге жіберілген шолғыншының кейіпіндей еді.

Бірінші күнде

Бұл күні бригада механизаторлары күндегіден ерте оянды. Асыға киініп, вагоншадан тысқа шыққан олардың әрқайсысы өз машиналарына барып, оның ақаусыздығын ең соңғы рет тексеруге кірісті.

Әскери аттардай қатарласа тізіліп тұрған тракторлардан әлде қайда тұлғалы «С—80» тракторының жанында екі адам жүр. Олар —осы тракторды жүргізуші москвалық Кравченко мен баяндық Хамитов.

Қонақты сыйлайтын ежелгі салтынерден өнім аламыз деген өз сертімізді орындауға мүмкіншілікті азайтады.

Тракторшы Хамитовтың бұл қателігін механизаторлар қатаң сынға алумен бірге, оған бұл кемшіліктерді жоюдың жолдары туралы да айтты.

— Партия бізге аса жауапты зор міндет жүктеп отыр. Біздің бригада үстіміздегі жылы 3600 гектар тың жер игеруге тиіс, оның 560 гектарына быйыл тұқым себеміз. Бұл ағілікті міндетті орындауда атүстілікке жол бермейік, жолдастар, —деді әңгіме соңын ала сөйлеген бригадир Әлиакбар.

Бүгінгі әңгімеден өзіне үлкен әсер алған Хамитов бір кезде орнынан тұрып, өзінің бұл хателігін енді қайталамайтындығын айтты.

ның күндік көрсеткіші 130 процентпен төмен болып көрген емес. Одессалық Шледовецтің де Кравченкодан кейін қалған күні жоқ. Қаһарман қаладан келген ол сменалық нормасын үнемі асыра орындап жүр.

Партияның шақыруымен тың және тыңайған жерге зор жорық бастаған бұл бригаданың алғашқы табысы осындай. Олар көктемгі егіс жоспарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғарғы дәрежеде орындады.

Бригада көктем егісін аяқтасымен-ақ пар жырту жұмысына да қызу кірісті. Механизаторлар пар көтерудің алғашқы күнінен бастап, сменалық тапсырмаларын толық және асыра орындап, келеді.

С. БЕЙСЕНБАЕВ.

жүз саулықтан 115 қозы алуға және әрбір қойдан 3,3 килограмм жүн қырқуға міндеттеме алды.

Олар алған міндеттемелерін орындау күресінде қажырлы еңбек етті. Мал қыстату, төл алу маусымдарын ұйымшылдықпен өткізді. Фермадағы төрт жүз саулықтан 476 қозы алынып, шығынсыз өсіріліп келеді. Жақында шопандар көктемде қой қырқу жұмысын өткізді. Бұл жұмыс электр агрегатымен жүргізілді. Қой қырқудың қорытындысы фермада әрбір қойдан орта есеппен 1,7 килограмдай жүн алынғандығын көрсетті.

Кәзіргі уақытта қой өсірушілер қойларды жазғы жайылымдарда бағып, күтуді үлгілі ұйымдастырып, малдың қоңдылығын арттыру үшін күресуде.

В. СКИБСКИЙ.

ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Мамлют ауданының колхоздарында көктемде қой қырқу жаппай басталды.

Көптеген колхоздар қой қырқуға тыңғылықты әзірлікпен келіп, оны қызу қарқынмен өткізуде. Мәселен, Интернационал МТС-нің қамтуындағы «Завет Ильича» колхозында барлық қой электр агрегатымен үш күн ішінде қырқылып болды.

Бұл колхозда қырқылған әрбір қойдан орта есеппен 3 килограмнан жүн алынды. Алынған жүннің сапасы өте жақсы. МТС пен колхоз басшылары қырқылып алынған жүнді дереу өлшеп, есепке алысымен, дайындау пунктіне жөнелтуді қамтамасыз етті.

Сол сияқты, Чапаев атындағы МТС-тің қой қырқатын электр агрегаттарының мүшелері де жұмысқа машина күшін өнімді пайдаланып келеді. Мұндағы электр агрегаттары аз күн ішінде МТС қамтуындағы колхоздарда 8 мың қой қырқуға тиісті. Комбайншы Бражник жолдас басқаратын электр агрегаты алған міндеттемесін аброймен орындауда. Бұл агрегаттың мүшелері кәзірдің өзінде Ворошилов атындағы, «Пробуждение» колхоздарында қой қырқуды аяқтады.

П. ЕВГЕНЬЕВ.

МТС—колхоз өндірісін өркендетудегі шешуші күш

Еңбек және Қорғаныс Советінің машина-трактор станцияларын ұйымдастыру туралы қаулысының 25 жылдығына

Бұдан 25 жыл бұрын, 1929 жылғы 5 июньде Еңбек және Қорғаныс Советі машина- трактор станцияларын ұйымдастыру туралы қаулы алды. Кеңінен өрістетілген ауыл шаруашылығын коллективтендіру жағдайында МТС- тің орасан зор роль атқаратынын атап көрсетіп, Еңбек және Қорғаныс Советі «жеке шаруалар шаруашылықтарын ірі коллективтік шаруашылықтар етіп қайта құруға жеткізетін негізгі жолдардың бірі ретінде машина- трактор станцияларын кеңінен ұйымдастыруға» кірісетін мезгіл туды деп тапты.

Еңбек және Қорғаныс Советі бұл қаулыны қабылдаған кезге дейінгі уақыттың өзінде шаруалар шаруашылықтарын трактор колонналарымен қамтудың кейбір тәжірибесіне қол жеткен болатын.

1927 жылдың жазында Украинада Тарас Шевченко атындағы совхозда кедей-орташа шаруаларға жер өңдеу ісінде көмек көрсету үшін трактор- прокат колоннасы ұйымдастырылды. Әрине, мемлекет берген тракторлар шаруалар жерінің межелерін жойып, оны біртұтас алапқа топтастырғанда ғана жұмыс істей алатын еді. Трактор колоннасының жұмысы өте табысты болды. Колонна өңдеген жерлерде, күздегі құрғақшылыққа қарамастан, жүздеген десятинадан аса будан егізі қаулап көктеді.

1928 жылы Тарас Шевченко атындағы совхоз 14 трактор отрядын ұйымдастырып, соның негізінде ол еліміздегі тұңғыш машина -трактор станциясын құрды. Машина- трактор станциялары ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың, оның өндіргіш күштерін дамытудың қуатты тірегі болын табылатынын осы тұңғыш МТС-тің тәжірибесі мейлінше айқын көрсетті. Еңбек және қорғаныс Советі 1929 жылғы 5 июньдегі қаулысында 1930 жылдың аяғына дейін 100-ден аса МТС ұйымдастыруды белгіледі.

Ал іс жүзінде МТС жоспарда белгіленгендегіден анағұрлым көп ұйымдастырылды. 1930 жылдың өзінде 158 МТС жұмыс істеп, олар ауыл шаруашылығын коллективтендіруді жүзеге асыруда орасан зор роль атқарды. Партияның Орталық Комитеті 1930 жылғы 29 декабрьдегі қаулысында былай деп атап көрсетті: «Совет мемлекетінің жоғары техникалық базасының негізінде коллективтік ірі ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың МТС түріндегі формасын тауып, жаппай тәжрибеде сынағанын машина-трактор станциялары жұмысының алғашқы жылының нәтижелері толық дәлелдеп берді, бұл шаруашылықта колхозшылар бұқарасының өздерінің коллективтік шаруашылықтарын ұйымдастырудағы талаптылығы пролетарлық мемлекеттің ұйымдық- техникалық көмегімен және басшылық етуімен анағұрлым толық ұштастырылады».

Еліміздің ауыл шаруашылығы қуатты индустриялық базаға негізделді. 1928 жылы салына бастаған Сталинград трактор заводы 1930 жылдың өзінде-ақ тракторларды көптеп шығаруға кірісті. Сталинград заводынан кейін іле-шала Харьков және Челябинск трактор заводтары, сонымен қатар ауылшаруашылық машиналарын жасайтын ірі заводтар: Ростов, Гомель, Ташкент заводтары, Запорожьедегі «Коммунар» комбайн заводы және басқалары салынды.

МТС саны жылдан- жылға көбейе түсті. 1940 жылдың өзінде елімізде 6980 машина- трактор станциялары болды. Бұл уақытқа дейін Совет Одағының егіс даласында 430 мың трактор, 148 мың комбайн, жүздеген мың басқа ауылшаруашылық машиналары жұмыс істеді. МТС қамтыйтын колхоздардың егіс көлемі 111,1 миллион гектар, яғный бүкіл егіс көлемінің 94,5 проценті болды.

Фашистік Германияның Совет Одағына сұрқылықпен шабуыл жасауы совет адамдарының бейбіт еңбегіне бөгет болды. Миллиондаған колхозшылар өз Отанын қорғау үшін қолдарына қару алып, майданға кетті. Колхоз құрылысы соғыстан туған қыйыншылықтарға қарамастан, барлық сындарға аброймен төтеп берді. Колхоздар майдан мен елімізді азық- түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтау міндетін ойдағыдай орындады. Бұл істе кәзіргі заманғы ауылшаруашылық техникасы мен маман кадрлары бар машина -трактор станциялары да орасан зор еңбек сіңірді.

Колхоз өндірісін өркендетудегі шешуші күш, мемлекет тарапынан колхоздарға басшылық етудегі аса маңызды тіректі пункттер болын табылатын машина-трактор станциялары ауыл шаруашылығын соғыстан кейін өркендету жолындағы күресте аса зор роль атқарды. МТС-те жыйнақталған алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық техника колхозшылардың еңбегін сан есе жеңілдетіп, оның өнімділігін арттырып, жердің құнарлылығын арттыру үшін, қоғамдық мал шаруашылығын өсіру үшін ғылымның барлық табыстарын пайдалануға мүмкіндік беріп отыр.

Краснодар өлкесіндегі Медведев МТС-ін мысалға алуға болады. Ол үлкен 3 колхозды қамтыйды. МТС-тің қуатты техникасы колхоздардың егіншілігінде барлық дерлік жұмыстарды, мал шаруашылығындағы жұмыстардың едәуір бөлегін механикаландыруға мүмкіндік берді. Жер жырту, тұқым себу, отамалы дақылдар мен егін қорғайтын орман алқаптарының қатараралықтарын баптап өңдеу, дәнді егісті, күнбағысты, майкенені, конопляны, сүрленетін дақылдарды жыйнау, ақызды сыдыра жырту, қой жүнін қырқу—міне бұл жұмыстардың бәрі 100 процент механикаландырылған. Мұның өзі егіннен жылма- жыл анағұрлым мол өнім алуға мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, 1951 жылы күздік бидайдың әр гектарынан 19,6 центнер өнім алынған болса, 1953 жылы күздік бидайдың өнімі 22,6 центнерге жетті.

Кәзіргі уақытта елімізде 9 мыңнан аса МТС бар. Бұларда 15 аттың күшімен есептегенде миллионнан аса трактор, 300 мың комбайн және бірнеше миллион басқа ауылшаруашылық машиналары мен құралдары жұмыс істейді. МТС-терде неғұрлым жетілген және үнемді дизель тракторларының саны 1940 жылмен салыстырғанда 14 есе көбейді. Жаңа, бұрынғыдан да гөрі жетілген отағыш тракторлар жасалды.

Өткен жылы машина- трактор станциялары колхоздардағы барлық негізгі егіс жұмыстарының 80 процеттен астамын орындады. Соның өзінде пар мен зябь жырту толығымен дерлік күздік дақылдар егу —93 процент, жаздық дақылдар егу —83 процент механикаландырылды. Барлық дәнді дақылдардың 77 проценті комбайнмен жыйналды. Мал шаруашылығындағы әртүрлі жұмыстар барған сайын зор көлемде механикаландырылуда.

Үстіміздегі жылы көптеген МТС-тер көктемгі егісті ұйымдастыру жұмысының үлгілерін көрсетті. Дәнді және отамалы дақылдар егудің прогрестік тәсілдері қай кездегіден болса да анағұрлым кең қолданылды. Картоп пен отамалы дақылдарды шаршылап және шаршы- ұялап егу әдістерін қолдану мықтап артты.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларында машина-трактор станцияларының алдына аса зор жаңа міндеттер қойылды. Партияның Орталық Комитеті былай деп көрсетті: машина- трактор станцияларының негізгі міндеті —колхоздарда барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттыру, қоғамдық мал санын көбейтуді, сонымен бірге оның өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін молайту болып табылады. Машина-трактор станциялары егіншіліктегі, мал шаруашылығындағы, картоп пен овощь өндірудегі еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісін аяқтауға тиіс.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің машина- трактор станцияларын маман кадрлармен нығайтуға бағытталған шаралары МТС жұмысын жақсартуға үлкен роль атқарды. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін МТС-терде колхоздарды қамтуға тиісті 21 мың инженерлер мен техниктер, 104 мың агрономдар, зоотехниктер және басқа мамандар жіберілді.

Коммунистік партияның шақыруымен ондаған мың тракторшылар, комбайншылар, шоферлер және басқа мамандықтағы қызметкерлер машина- трактор станцияларына қайтып оралды. Машина -трактор станцияларының жұмысын батыл жақсарту үшін оларға механизаторлардың тұрақты кадрларын жасаудың орасан зор маңызы бар.

МТС жұмысын жақсарту үшін селолық, аудандық партия комитеттерінің жұмысын қайта құрудың үлкен маңызы болып отыр, бұл жұмыс партиялық басшылықты тікелей колхоз өндірісіне жақындатуға бағытталған. Бұл қайта құру жұмысы МТС-терде істеуге бөлінген адамдардың, МТС аймағындағы колхоздарда партиялық- саяси жұмысты тікелей ұйымдастырушылар ретінде, өздеріне қойылатын талаптарға толық сай келетін болуын талап етеді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі таяудағы екі- үш жылдың ішінде ауылшаруашылық өндірісін халықтың азық-түлік жөніндегі, ал жеңіл өнеркәсіптің шикізат жөніндегі тілектерін молынан қанағаттандыруға мүмкіндік беретіндей дәрежеде өркендетуді қамтамасыз ету міндетін қойды.

СОКП Орталық Комитетінің, февраль-март Пленумы халық тұтынатын заттар өндірісін мықтап өрге бастыру ісінде бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығын онан әрі өркендетудің ерекше зор маңызы бар екендігін өзінің қаулысында атап көрсетті.

Еліміздің барлық аудандарында дәнді дақылдардың шығымдылығын арттырумен қатар, қысқа уақыттың ішінде астық өндіруді арттырудың маңызды қайнар бұлағы Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье аудандарында, ішінара Солтүстік Кавказ аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісін ұлғайту болып табылады. Мұның өзі 1954—1955 жылдары дәнді дақылдар егісін кемінде 13 миллион гектар ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жаңадан игерілген құнарлы жерлерде 1955 жылы 1.100—1.200 миллион пұт астық, соның ішінде 800—900 миллион пұт товарлы астық алынуға тиіс.

Барлық ауылшаруашылық дақылдары шығымдылығын мықтап арттыру, орасан көп тың және тыңайған жерлерді қысқа мерзімде игеру, шынында да орасан зор міндет. Міне, бұл міндетті орындауда машина-трактор станциялары аса маңызды роль атқарады, сондықтан олар өз жұмысын түбірімен жақсартуға тиіс.

МТС жұмысына баға бергенде, ең алдымен дәнді дақылдар мен басқа ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен жалпы түсімі жөніндегі мемлекеттік тапсырманың орындалуын ескке алу қажет. Жұмсақ жерді гектар есебінен жыртуға әуестеніп, жұмыс сапасын ескермеу іске тек зиянын тигізеді, ал егіннің өнімі әрбір МТС жұмысының сапасын айыратын басты өлшеуіш болып табылады.

Машина- трактор станциялары өз жұмысының аса маңызды кезеңі—егін жыйнау қарсаңында тұр. Міндет мынада: егінді тез және ысрапсыз жыйнау керек, бұл жұмысты механикаландыру құралдарының барін барынша толық қатыстыру керек, колхоздардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін жедел орындауына және колхозшылардың еңбеккүндеріне мол ақы төлеуді қамтамасыз етуіне көмектесу керек.

МТС -тердің 25 жылдық даңқты жолы Совет Одағының социалистік ауыл шаруашылығында үлкен жеңістерге жеткен жолы болды. Колхоз өндірісінің негізгі салаларының барін өз жұмысымен қамтый отырып, машина- трактор станциялары колхоздармен бірге, социалистік индустрияның мықтап өркендеуі негізінде елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау, еңбекшілердің материалдық әл- ауқатын арттыру міндетін шешуде

Б. СЕРГЕЕВ.

Редакцияға хат

Артель мүктаждарына көңіл бөлінсе екен

Біздің артельдің жұмысшылары социалистік жарысты өрістете отырып, бірқатар табыстарға ие болуда, өткен бес ай ішінде артель өндірістік жоспарды 120 процент орындап, 158.200 сом пайда келтірді.

Сабын қайнатушылар А.Рудакова, М. Черепанова, май-олиф қайнатушы С. Шайхисламова сияқты жұмысшылар аянбай еңбек етіп келеді. Олар күндік нормаларын 130-140 процентпен асыра орындауда.

Артель жылдық жоспарды ССРО Конституциясы күніне дейін орындап, мемлекетке жоспардан тыс 150 мың сомның өнімін беріп, өнімнің өзіндік құнын 10 процентке дейін кемітуге міндеттенген-ді. Біз бұл сертімізді орындау жолында аянбай еңбек етудеміз.

Артель жұмысшыларының адал еңбек етуге деген ынтасы зор. Егер барлық мүмкіншілік жасалса, кәзіргіден де жоғары көрсеткіштерге ие болар едік. Бірақ, жағдай бұған керісінше болып отыр.

Қалалық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет атқомі артель жұмысының жайымен жете таныс емес. Олар тек алған мәліметтерге ғана мәз. Шынында қала басшылары бірде-бір рет артельде болып көрген емес. Бізге лекторлар да келмейді. Жұмысшылардың білімдері мен мамандықтарын арттыру үшін жеткілікті шаралар белгіленбей отыр. Бұған артель жанындағы мәдени Советінің председателі Лученко жолдас та кінәлі.

Бізде техника күші де жеткіліксіз. Өнім шығару жұмыстарының көбі қол күшімен атқарылады. Артельде әйнек желімдерін шығаратын участокте ғана екі агрегат бар. Ал, артель қалған өнімді олиф, сабын, ағаш желімдерін және басқа шаруашылыққа керекті заттарды қолмен өндіреді. Бұл өнімді шығаратын жұмыс орындарында өнімді еңбек етуге еш бір мүмкіншілік жоқ. Өйткені, артельге берілген өндіріс үйі тар, қаранғы, бірнеше құрал-жабдықтар бір-ақ бөлмеге орналасқан. Ол -ол ма, бірсыпыра өнімдерді далада өндіреміз. Сол себепті қыс айларында отын мөлшерден көп жұмсалады. Сондай-ақ, оттан хауіпті жанар, жағар майлары да орынның жоқтығынан қалай болса солай жатады.

Облыс еңбекшілерінің артель алдына қойып отырған тұтыну талаптары өте орынды. Олар бізден үй шаруашылығына керекті сыр, балалардың ойыншықтарын көптеп шығаруды тілек етеді. Бірақ, техника күшінің, үйдің жеткіліксіздігінен халықтың бұл талабын әлі де болса ойдағыдай өтей алмай отырмыз.

Біздің 550 мың сомның балалар ойыншығын шығаруға арнаған жоспарымыз бекігенде, облыстық кәсіпшілік Советіндегілер: онда химиялық өнімдерді ойыншықтар есебінен қысқартып шағындап шығарыңдар дегенді айтты.

Бізде орынның, техника күшінің тапшылығынан жергілікті шикі заттардан

ЦИРКТЕ

Бұл күндері мемлекеттік № 11 жылжымалы цирктың артистері қала еңбекшілеріне өз өнерлерін көрсетуде. Бұл коллектив өздері орындайтын терең мазмұнды, көркемдік дәрежесі жоғары түрлі номерлермен көрушілерді сүйіндіруде.

Цирк артистерінің репертуарларында түрлі жанрлар бар. Әсресе, ауа гимнастары Зоя және Николай Крыленколардың жүректілік пен күштілікті епті қиймылмен шебер ұштастырған гимнастикалық өнерлері ерекше назар аударады. Олардың қиймылдары жылдам және әдемі.

Талантты акробаттар Любовь және Александр Косоребриковтардың өнерлерін де жұртшылық қызыға көруде. Александр тісімен ұстап, маңдайымен көтерген биік таяқтың ең ұшар басында Любовь Косоребрикова күрделі акробатикалық номерлерді орындайды. Ал, қозғалмалы сатыда өз өнерлерін көрсеткен эквилибристер Ольга және Илья Иванченколарды жыйналғандар зор қошаметпен қарсы алды.

Цирк аренасында үнемі болып, көрушілерге қызмет ететін күлдіргіш Олег Трофимовтың шеберлігі де сүйсінерліктей. Әсресе, оның кәзіргі тақырыптарға арнаған сатиралық күлкілі сөздері өте мазмұнды. Өзінің өткір, әрі күлдіргі сөздерімен ол көрушілердің өмірімізде кездесетін кейбір оғаш, жат қылықтарға жиіркеншілігін орынды түрде тудырып отырады. Айта кететін бір жағдай, Трофимов жолдас сонымен бірге шебер гимнасшы, акробатшы және музыкашы. Бұл қасиеттер оның күлдіргілік өнерін өте толықтырып тұр.

Аберт жолдас басқарған жонглерлер тобы да өздерінің сахна шеберлері екендігін көрсете алды. Ал, манипулятор Садомский бұл өнерді өзінің жете меңгергендігін аңғартты. Көркем сөз оқушы Владимир Махин де өзінің шеберлігімен көрушілерді сүйіндірді.

Сонымен қатар, циркте аңдар да ойнайды. Әсресе, артистка Эльвина Эльворти үйреткен аюлардың сахнада ойнауы көрушілерге өте қызықты. Ол үйреткен аю «артистер» кәрілген арқанның үстімен жүріп, түрлі, қыйын номерлер орындайды.

Африка арыстандарын үйретуші Нина Капитанованы көрушілер асыға күтеді. Ол арыстандарды циркте ойнатуға бұдан бір жарым жыл бұрын ғана баулый бастаған болатын. Талантты артистка тәжрибелі тренер Александр Капитановтың басшылығымен аңдарды үйрету өнерін аз уақыт ішінде меңгеріп кетті. Кәзір ол үйреткен алты арыстан бар.

Цирк артистері қала еңбекшілеріне әлі де біраз уақыт өз өнерлерін көрсетеді.

Т. ЕСІЛОВ.

СУРЕТТЕ: Нина Капитанова өзі үйреткен арыстандар арасында.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Жұмысшы кітапханасы

Біз Петропавл вагон жөндеу депосының

табымды әкелік ғдім, —деді ол, — көп рахмет. Енді маған Эренбургтің «Дауыл»

Француз Коммунистік партиясының XIII съезінің ашылуы

ПАРИЖ, 3 июнь. (СОТА). Бүгін Сенадағы Изриде, Париждың жұмысшылар тұратын бөлегінде, Француз Коммунистік партиясының XIII съезі ашылды. Съезге партияның департаменттік федерацияларының өкілі болып табылатын 960 делегат қатысуда. Съезге Англияның, Бельгияның, Данияның, Батыс Германияның, Норвегияның, Австрияның, Аргентинаның, Швецияның, Израильдің және басқа елдердің Коммунистік партияларынан қонақтар қатысуда.

Съездің күн тәртібінде мынадай мәселелер бар:

1. Француз Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндама.
2. Партияның ұйымдастыру жұмыстарының проблемалары.
3. Коммунистік партия және жастар.
4. Орталық Комитетті және финанс бақылау комиссиясын сайлау.

Делегаттар съезд президиумының құрамына: Морис Торезді, Жак Дюклоны, Марсель Кашенді, Фредрик Жолио-Кюриді, Лоран Казанованы, Бенуа Фрашонды, Француз Коммунистік партиясы мен Франциядағы жұмысшы қозғалысының және басқа көрнекті қайраткерлерін сайлады.

Саяси, ұйымдық, жастар және мандат комиссияларын сайлағаннан кейін күн тәртібінің бірінші пункті бойынша Жак Дюкло баяндама жасады.

ЖЕНЕВАДА ЕКІ КОМАНДОВАНИЕ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕЗДЕСУІ

ЖЕНЕВА, 3 июнь. (**СОТА-ның арнаулы тілшісі**). Кәзір мәлім болғанындай, 2 июньде мұнда екі командование өкілдерінің бірінші кездесулері болды. Вьетнам Демократиялық Республикасы жоғары командованиесі өкілдерінің делегациясын ВДР ұлттық қорғаныс министрінің орынбасары, ВДР дің Женева кеңесіндегі делегациясының мүшесі Та Куанг Быу басқарады; француз командованиесінің делегациясын бригада генералы Дельтей басқарады.

Бүгін екі командованиенің бұл аталған өкілдері өздерінің екінші мәжлісіне жыйналды.

Екі командование өкілдерінің Женевадағы бұл сессиясы (жергілікті жерлердегі кездесулермен бірдей) Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру мәселесін талқылаған 9 делегацияның мәжлісінде 29 майда қол жеткен келісімде қарастырылған болатын.

АҒЫЛШЫН КӘСІПОДАҚТАРЫНЫҢ ТАЛАБЫ

ЛОНДОН, 3 июнь. (СОТА). Құрамында 80 мың мүшесі бар, қүюшылардың біріккен кәсіподағының жыл сайын болып тұратын конференциясының делегаттары ағылшын жұмысшыларының жұмыссыз қалмауының басты кепілі ретінде Шығыс пен Батыс арасындағы сауданы кеңейтуді талап еткен қарарды бірауыздан

Халықаралық еңбек ұйымының 37-ші конференциясының ашылуы

ЖЕНЕВА, 2 июнь. (СОТА). Бүгін мұнда БҰҰ-ның арнаулы ұйымы болып табылатын халықаралық еңбек ұйымының 37-ші конференциясы ашылды.

Оған 69 ел қатысуда. Конференцияға әр елден келген делегация үкметтің екі өкілінен, кәсіпкерлердің бір өкілінен, кәсіподактардың бір өкілінен құрылған. Халықаралық еңбек ұйымының 37-ші сессиясының жұмысына ССРО, Украин ССР және Белорусс ССР делегациялары дүниежүзілік екінші соғыстан кейін тұңғыш рет қатысуда.

Конференцияға ССРО-дан Н. Е. Роговский, В. М. Капранов, Л. Н. Соловьев және М. И. Крестов жолдастар қатысуда. УССР-дан П. В. Рудницкий, М. А. Толкунов, В. П. Иванов және С. А. Волик жолдастар, БССР-дан И. П. Бугров, А. Ф. Ничипор, П. И. Новикова және В. Л. Логинов жолдастар қатысуда.

Алдын-ала белгіленген күн тәртібі бойынша, конференция халықаралық еңбек бюросының (халықаралық еңбек ұйымының әкімшілік органы) бас директоры Д. Морстың баяндамасын, ақша төленетін кезекті демалыс мәселелері жөніндегі ұсыныстардың жобасын, халықаралық еңбек ұйымының техникалық көмек көрсету саласындағы жұмысы туралы баяндама, тағы да басқа кейбір мәселелер қарайды.

Бірінші мәжлісте халықаралық еңбек ұйымының 37-ші конференциясының председателі болып Поль Рэмадье (Франция) сайланды.

Француз ғалымдары „Европалық армияның" құрылуына қарсы шығуда

ПАРИЖ, 2 июнь. (СОТА). Париж университетінің халықаралық право жөніндегі алты профессоры—Сюзанана Бастид, Жорж Бюрдо, Рене Капитан, Шарль Эйзенман, Пьер Лампю және Марсель Сибер —«Монд» газетінде мәлімдеме жариялап, онда «Европалық армия» құру туралы Париж договорының француз конституциясына қайшы келетінін дәлелдеген. Авторлар «ұлттық суверендіктен бастарту» деген бөлімде, атап айтқанда, былай деп жазған: «Париж договоры» күшіне енген күні Францияның тәуелсіз мемлекет дәрежесінен едәуір айрылатынына және суверенді ұлт болудан қалатынына күмән жоқ».

Тунистегі жағдай

ПАРИЖ, 2 июнь. (СОТА). «Либерасьон» газетінің хабарлауынша, 31 майдан 1 июньге қараған түні Туниске құрамында механикаландырылған полицияның бес эскадроны бар әскери көмек келді. Францияның Тунистегі бас резиденті Вуазар мұндай көмек келетіндігі туралы 29 майда хабарлаған болатын. Бұл жазалаушы отрядтар баска да әскер және полиция күштерімен бірге елде «тәртіп болуын» қамтамасыз етуге тиіс.

«Фран -Тирер» газетінде бас резидент Вуазардың мазмұндамасының тексті жарияланды, онда Мактар, Кассерин, Кеф, Сили-Бу-Саид және Тебурсук аудандарында 2 июньнің кешінен бастап, төтенше жағдайы енгізілетіндігі туралы айтылған. Бұл аудандарда тұратын халықтың күн батқаннан күн шыққанға дейін көшеге шығуына рұқсат етілмейді.

«Юманите» газетінің хабарлауынша, Тунистің жалпы кәсіподақ бірлестігі елдегі жағдай туралы мәлімдеме жасаған. Ол Тунистегі жағдайдың шиеленіскен күйде қалып отырғанына Француз өкмет орындарының жүргізіп отырған қуғын көрсету саясаты себеп болып отыр, деп атап көрсетті. Тунистің жалпы кәсіподақ бірлестігі демократиялық және кәсіподақ бостандықтарының қалпына келтірілуін, өлім жазасына үкім етілген тунистіктердің өмірлері сақталуын, барлық саяси тұтқындар мен жер аударылғандардың босатылуын тағы да талап еткен және ірі өнеркәсіп пен ауылшаруашылық компанияларының мүдделерімен араластыруға болмайтын Тунистегі француз еңбекшілерінің мүдделері Тунис халқына достық саясат жүргізілуінің сенімді кепілі бола алады деп мәлімдеген.

«Юманите» былай деп жазды: француз жаззлаушы әскерлері Эль-Хаммада (Габеден 30 километр жерде) Тунистің бір топ азаматы тарапынан шабуылға ұшырады.

Грек газеттері Кипрдің Англияның соғыс базасына айналдырылуы туралы

СОФИЯ, 2 июнь. (СОТА). Болгар телеграф агенттігі гректің «Элефтерия» газетіне сүйеніп отырып, былай деп хабарлайды: Кипр аралында біржарым жыл бойы соғыс базалары құрылыстары қызу жүргізілуде.

Левкозидің жанындағы аэродром ірі соғыс самолеттерінің қонуына лайықталып, кеңейтілуде және жаңа жабдықтармен жабдықталуда.

Декелияда (Ларнекос портынан шығысқа қарай 8 миль жерде) үлкен соғыс базасы салынып жатыр. Мұнда ағылшын әскерлері орналасатын тұтас әскери қала салынбақ. Декелия Орта Шығыстағы ағылшын күштерінің бас базасына айналдырылмақ.

Сол сияқты Кипрдің оңтүстік батыс белігіндегі Акротириде үлкен соғыс базасын салу да қарастырылған.

ИНДО- ҚЫТАЙҒА БАРА ЖАТҚАН ФРАНЦУЗ САМОЛЕТТЕРІНІҢ САУДОВ АРАБИЯСЫНЫҢ ҚОНУЫНА ТЫЙЫМ САЛУ

жетті майлардың аз шығарылып отырғаны қалалық партия комитеті мен Совет атқомі басшыларына кептен мәлім. Солай бола тұрса да, олардың тарапынан артельге күні бүгінге дейін нақтылы көмек көрсетілмей отыр.

Артель жұмысшылары еңбек өнімділігін арттыруға ынталы. Бірақ, жоғарыда аталған кемшіліктер олардың тиісті өндірістік тапсырмаларын ойдағыдай орындауына үлкен бөгет жасауда.

Ендігі жерде тиісті орындардың басшылары артель мүқтаждарына жете зер салып, нақтылы көмек көрсетсе екен дейміз.

Біздің бұл тілегіміз орындалады деп сенеміз де.

И. ВОРОБЬЕВ,
Қаладағы Киров атындағы кәсіпшілік артелінің цех бастығы.

—⊙—

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Тұтынушылар тілегімен санаспайды“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 26 майдағы номерінде жарияланған «Тұтынушылар тілегімен санаспайды» деген мақалада Преснов ауданындағы Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының жұмысындағы кемшіліктер атап көрсетілген болатын.

Аудандық тұтынушылар одағының басқармасы газет сыны бойынша Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының жұмысы туралы мәселе қарап, селолық тұтынушылар қоғамының жұмысына жанды басшылық жасай алмағаны және сауда жұмысын нашар ұйымдастырғаны үшін селолық тұтынушылар қоғамы басқармасының председателі Байбосыновты қызметінен босатты.

Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының жұмысын жақсарту үшін оның председательдігіне аудандық тұтынушылар одағы председателінің бұрынғы орынбасары Чуланов жолдас тағайындалды.

А. БАТЫРЕВ,
Преснов аудандық тұтынушылар одағы басқармасының председателі.

* * *

Булаев аудандық Совет атқомі газетіміздің осы жылғы 8- майдағы номерінде жарияланған «Тракторлар босқа тұр» деген мақала бойынша жергілікті жерде тексеріс жүргізгенде, онда көрсетілген фактілер толық анықталды, деп хабарлады.

Тексерістің нәтижесі аудандық Совет атқомінің мәжілісінде қаралып, мақалада көрсетілген кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгіленген.

Андреевич Ивановпен оның өз үйінде таныстық. Еңбек озатының үйі де көзтартарлықтай әсем екен. Әресе, біз оның жұмыс бөлмесін қызыға қарадық.

Бұл бөлме бейне бір ғылым иесінің жұмыс орнын еске түсіргендей. Бөлменің екі бұрышына қойылған этажерка меч шкафтың іші кітаптарға лық толы. Бөлмедегі столдың үстінде де қатарлана жыйылған кітаптар. Оң жақ бұрышта радиоқабылдағыш.

Этажерка мен шкафтағы кітаптардың ішінен орыстың ұлы жазушылары мен дүниежүзілік әдебиет классиктерінің еңбектерін де кездестіресіз. Этажерканың соңғы екі бөлігінде саяси әдебиет кітаптары орналасқан. Мұнда Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің материалдары мен саяси тақырыптарға арналған кітапшалар жыйнақталыпты. Сонымен бірге, СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март Пленумдарының қаулысына және партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі соңғы қаулы- қарарларына арналған кітаптар мен кітапшалар өз алдына жеке жыйналған.

Біздің көзімізді кітаптардың үшінші тобы тартты.

—Бұл техникалық әдебиет, —деді кесек денелі, жылы жүзді Алексей Андреевич біздің ыңғайымызды бірден сезіп.

Бұл топтағы кітаптардың көпшілігі Отанымыздың таңдаулы өндіріс озаттарының еңбек әдістері туралы, еңбек өнімділігін арттырудың басты шарттары туралы жазылған кітапшалар екен. Бәрінің де арасына қойылған белгілер кітапиесінің бұл кітаптарды оқығандығын ұқтырып тұр.

Алексей Андреевичтің столында облыстық кітапханадан әкелінген кітаптарды да көрдік.

—Белинскийдің «Таңдаулы мақалалары», —деді Иванов жолдас бір кітапты көрсетіп. —Ұлы сыншының Гогольге жазған хатын оқып жатырмын. XIX ғасырда дүниежүзілік әдебиеттің алдыңғы қатарынан орын алған орыс әдебиетінің даму тарихымен танысып жүрмін.

Бәріміз әңгімелесіп отырып, бөлмеге Алексей Ивановтың заводта бірге істейтін жолдасының кіргенін де байқамай қалыппыз.

—Алексей Андреевич, Сізден алған кітаптың романын беріңіз?

Оның әкеліп тұрған кітабы Михаил Шолоховтың «Көтерілген тың» романы екен.

Алексей Андреевич біздің сұрағымыз бойынша өзінің кітапханасы туралы айта бастады.

—Кітап —адамның рухани азығы. Ол адамның сана- сезімін байытын, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Сонымен бірге, еңбек өнімділігін арттыруға да зор көмек.

Расында да солай. Алексей Андреевич 1947 жылы заводқа қатардағы жұмысшы болып орналасқан- ды. Талантты жас аз уақыт ішінде тапсырмасын үнемі біржарым— екі есе артық орындап, жолдастарының арасында зор беделге ие болды. Сөйтіп, ол өзінің саяси және техникалық білімін арттыру нәтижесінде коллектив алдында күрделі табыстарға жетті. Ал, екі жылдан соң ол жоғары разрядтағы токарь атағын алды.

Қызу әңгімелесіп отырғанымызда біздің сөзімізді Ивановтың кішкентай ұлы Виктор бөліп жіберді.

—Папа, мынаған қарашы быйылғы жылы біз паркте көрген өздігінен жүретін комбайн сыяқты, —деді ол әкесіне жақындап, «Мурзилка» журналындағы өздігінен жүретін комбайнды көрсетіп.

Я, Витенька, соған ұқсайды екен. Енді сен барып ойнай гой, —деді ол баласына.

Жас баланың көргенін ұмытпағанына іштей риза болған Алексей Андреевич бізге өткен күзде мәдениет және демалыс паркінде қойылған ауыл шаруашылығы көрмесіне Викторды да ертіп барғанын айтты.

—Баланы тәрбиелеу маңызды іс. Бірақ, оны тәрбиелей білу керек. Сондықтан да мен кітапханама тамаша педагогтер Ушинскийдің, Макаренконың, балалар жазушылары Гайдардың, Михалковтың, Лев Кассильдің кітаптарын жыйнаудамын. Бұл кітаптар балаларды тәрбиелеуде зор көмек береді, —деді ол бізге.

Материалдық тұрмысы күннен- күнге жақсарып, мәдени дәрежесі барған сайын көтеріліп отырған совет жұмысшыларының бірі өндіріс озаты Алексей Андреевичтің кәзіргі өмірі, оның рухани байлығы барлық совет адамдарына тән.

Г. КӨРПЕШОВА.

ГИМНАСТИКА БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ ЖАРЫС

Гимнастика бойынша бірінші орын алу жөнінде өткізілген қалалық жарыс аяқталды. Жарысқа ерікті спорт қоғамдарының 5 командасы қатысты, 31 спортшы бірінші орынға ие болу үшін өз өнерлерін көрсетті.

Жарыста әйелдер арасында бірінші орынды және қала чемпионы атағын «Искра» ерікті спорт қоғамының екінші разрядтағы гимнасты Ухабова жеңіп алды. Ол 52, 25 ұпай алды. Ал, 52,2 ұпай алған осы команданың спортшысы Щербакова екінші орынға шықты.

Ерлер арасында өткізілген жарыста спортшы Рябов гимнастика бойынша қала чемпионы атағына ие болды.

Жарыс қорытындысында үш спортшы екінші спорт разрядының, 7 спортшы үшінші спорт разрядының нормасын орындады.

Я. АНАТОЛЬЕВ.

қаулыдады.

Конференцияға қатысушылар сол сыяқты, Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы правосын қалпына келтіруді талап еткен және ағылшынның шетелдердегі әскерлерін қайтарып алуға шақырған қарарлар қабылдады.

Мардет қаласында болған мемлекеттік ұйымдардың кеңсе қызметкерлері ассоциациясының жыл сайын болып тұратын конференциясының делегаттары да атом қуатын тек ғана бейбіт мақсатқа пайдалану үшін жұмсалғандығын бақылап отыратын халықаралық ұйымды тезінен құру туралы ағылшын үкметін келіссөздер жүргізуге шақырған қарар қабылдады.

ДАНИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ

КОПЕНГАГЕН, 3 июнь (СОТА). Газеттер былай деп хабарлайды: Копенгагеннің ірі май шығарушы кәсіпорны «Энитхеденнің» 600 жұмысшысы кеше ереуіл жариялаған. Ереуіл жалақының төмендігіне жұмысшылардың наразы болуынан туған. Дания біріккен кәсіподағының басшысы Эйлер Иенсеннің жұмысшыларды ереуілді тоқтатуға шақырған әрекеті табыссыз болған.

«ЕВРОПАЛЫҚ АРМИЯ ТУРАЛЫ» ДОГОВОРҒА ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 3 июнь. (СОТА). Франс-Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Французодағы жыйналысының сыртқы істер комиссиясы 14 даусыпен 5 даусыса қарсы «европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договорды ратификациялауға қарсы болған.

ПАРИЖ, 2 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Каирдан мынаны хабарлады:

«Мұсылман туыстар» ұйымының апта сайын шығып тұратын органы «Аль-Ихван аль -Муслимин» журналының хабарлауынша, Саудов Аравиясының үкметі Индо- Қытайға бара жатқан француз самолеттерінің Саудов Аравиясы территориясына қонуына рұқсат бермеген». Апталық Джиддыдан алған хабарына сүйенін, король Саудов «Құрама Штаттардың араласуына қарамастан» француз самолеттерін қондырмау жөніндегі өз пікірінде қалған деп жазды.

Пакистандағы тұтқынға алушылық

КАРАЧИ, 2 июнь. (СОТА). Ассошиэйтет Пресс оф Пакистан агенттігінің тілшісі Даккиден мынаны хабарлады: Шығыс Пакистанның өкмет орындары губернаторлық басқару енгізілгеннен кейін үш күннің ішінде 319 адамды тұтқынға алды. Тұтқынға алынғандардың арасында Шығыс Пакистанның заң шығару жыйналысының мүшесі Шейх Маджибур Рахман, Гулям Кадир Чоудхури, Гулям Хафиз, Захур Ахмат Чоудхури, Абдур Рахман, Давендра Дас, провинцияның заң шығару жыйналысының мүшесі және «Ганатантри Дал» партиясының бас секретары Салд Махмуд Али бар. Далде шығатын барлық газеттерге цензура бақылауы енгізілген.

Калькутта газеттері үкмет министрі Фазлул Хака Атаур Рахман- ханның мәлімдесін жариялады, онда министр провинцияда халықтың басым көпшілігін дауыс беруімен сайланған. Шығыс Пакистан үкметін таратып жіберген орталық үкметтің әрекеттерін айыптаған.

Тұтқынға алу Пакистанның астанасы— Карачиде де жүргізілуде. Карачи полициясының кеше 11 адамды тұтқынға алғаны ресми түрде жарияланды, бұл хабарда ол адамдар коммунистер деп аталған. Тұтқынға алынғандардың арасында төрт журналист бар.

ГРЕЦИЯДАҒЫ ТҰТҚЫНҒА АЛУШЫЛЫҚ

АФИНЫ, 2 июнь. (СОТА). «Элефтерос» және басқа газеттер соңғы үш күн ішінде Афинның, Пиреяның, Салониктің жүздеген азаматтары тұтқындалғандығын хабарлайды.

Газеттерде тұтқынға алынғандардың тізімі жарияланған. Газеттерде «ұлттық прогрессіздік одақтар орталығы» ЭПЕК басқаратын кәсіподақ ұйымдарының орталық комитетінің наразылығы жарияланған. Бұл наразылықта былай делінген: «Біз кәсіподақ қайраткерлерінің жаппай тұтқындалуына, жұмысшы табының наразылығын тудырып отырған тұтқындаушылыққа қарсылық білдіреміз. Қарсылық білдіре отырып, тұтқындалғандардың тезінен босатылуын талап етеміз».

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРТИЗАН БАЛАЛАРЫ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОЙЫНДАҒЫ АННА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады

1954 жылдың екінші жартысына облыстық

„Ленин туы“ және „Ленинское знамя“

газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Түпкілікті жұмысқа электр қуатымен болат балқытушылар, слесарьлар, үлгі қоюшылар, жүк тиеушілер және жұмысшылар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы, Ленин көшесі 70-үйде, кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

Петропавлдың шағын двигательдер заводына маусымды, түпкілікті жұмысқа тасшылар, штукатурлар, пеш салушылар, малярлар, көмекші жұмысшылар, тәжрибелі электр қуатымен болат балқытушылар, газбен болат балқытушылар, токарьлар, тәжрибелі машинистка керек.

Адрес: Октябрь көшесі, 37-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01253. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**